

АЛБҰН



№4 (158)
СӘУІР 2021 ЖЫЛ



ЕЛБАСЫ
ЖӘНЕ АРМИЯ



4

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУДЫҢ
ТАРИХЫ ӨРІДЕ ЖАТЫР



14

ВЫПОЛНИТЬ
СЫНОВНИЙ ДОЛГ



32



ҰЛЫ ДАЛА ӘСКЕРІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ!

Республикалық әскери-сараптамалық журнал

АІВҮН

2021

МАЗМҰНЫ:

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ
ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ АРМИЯ.....4

КО ДНЮ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА
ЖИЗНЬ И СУДЬБА ЕГО БЫЛИ ПОДВИГОМ.....10

ТАҒЫЛЫМ
ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУДЫҢ ТАРИХЫ ӘРІДЕ ЖАТЫР.....14

ДАТА
**ПОД ЗНАКОМ ОБЕСПЕЧЕНИЯ
 ЗАКОННОСТИ И ПРАВОПОРЯДКА**18

ТАТУЛЫҚ ТІРЕГІ
АНТҚА АДАЛ, СЕРТКЕ БЕРІК ЖАНДАР24

КО ДНЮ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ
НАЧАЛО БОЛЬШОГО ПУТИ28

КО ДНЮ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ
ВЫПОЛНИТЬ СЫНОВНИЙ ДОЛГ.....32

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ...
ӘСКЕРИ-ТАРИХИ МУЗЕЙДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ.....35

АІВҰН

Республикалық әскери-сараптамалық журнал

БАС РЕДАКТОР
Алия Майсеитова

БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ
Тимур Аубакиров

РУКОВОДИТЕЛЬ
ПРОЕКТА SARBAZ.KZ
Тимур Кубеков

БӨЛІМ МЕНҒЕРУШІСІ
Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР
Адил Шеримбетов

ТІЛШІЛЕР
Рима Әбеуова
Алия Майсеитова
Меруерт Сафаева
Нариман Дюсенов
Бақытгүл АБАЙҚЫЗЫ

ФОТОТІЛШІ
Ағыбай Аяпбергенов

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:
«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС
Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы,
Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
тапсырысы бойынша
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды
және авторларға қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және
даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы 30 сәуірде
№5341-Ж куәлігі берілген
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.
Таралымы 903 дана. Тапсырыс №4



ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ АРМИЯ

Қазақстан Президентінің 1991 жылдың 25 қазанындағы Жарлығымен Қазақ КСР Мемлекеттік қорғаныс комитеті құрылды. Көп ұзамай ол Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі болып аталды. Тәуелсіз елдің заңдық құқықтарының негіздеріне және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасындағы қол жеткен келісімдерге байланысты Президенттің 1992 жылдың 7 мамырындағы Жарлығы бойынша Қазақстан аумағында орналасқан Қарулы Күштер өздерінің мүліктерімен қоса Отанымыздың қарауына өтті. Жоғарғы Бас қолбасшы ретінде Қарулы Күштерді басқаруды Президент өз қолына алды, ал Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі болып генерал-полковник Сағадат Нұрмағамбетов тағайындалды.



Осылай сан салалы саяси ынтымақтастық келісім арқылы тәуелсіз еліміз территориясына орналасқан әскери бірлестіктердің, құрамалардың, бөлімдердің, мекемелердің,

ұйымдардың, полигондардың, арсеналдардың, сақтау базалары мен қоймалардың, жылжитын және жылжымайтын әскери мүліктер бұдан былай Қазақстан Республикасының

заңды мүлкі болып табылатындығы, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрамында болатындағы жайлы шешім қабылданды. Нәтижесінде, Тәуелсіз



ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Қазақстанның жаңадан құрылған Қарулы Күштерінің жасампаз жолы басталды. Кейін Елбасы осы жағдайды былай деп еске алды: «1992 жылғы 7 мамырда менің Жарлығыммен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері құрылған болатын. Бұл салада біз барлығын жаңадан бастаған едік: штаттық кесте бойынша офицерлердің 40-45 пайызы ғана қалған; әскерлерді басқарудың бірыңғай жүйесі жоқ; ескірген техникаға толы қоймалар; тәжірибелі ұшқыштар мен отынның жоқтығынан ұшпай тұрған ұшақтар; берекесі кеткен әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйесі ғана бар еді».

Тарих қойнауында қалған тәуелсіз Қазақстанның нарықтық қиын-қыстау кезеңдерден аман-есен өтуі мемлекет құру жолындағы түйінді мәселелердің түпкілікті тарқатылуы емес еді. Елдігімізді сақтаудағы ең негізгі сала – ішкі-сыртқы қорғаныстағы әскери салаға қатысты саясат болды. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың жетекшілігімен Қазақстанның қорғаныс саласында жағдайды жақсартуға бағытталған ауқымды жоспар-жобалар қолға алынып жатты. Себебі, ғасыр ауысқан шақтардағы әскери саланың әлеуеті көрші елдерден көш кейін қалып қойғаны белгілі еді. Нақтылай түскенде, құрыш танктердің 90-95 пайызы, артиллериялық жүйелердің 90 пайызы, әскери мақсатта пайдаланылатын ұшақтардың 70 пайызы, тікұшақтардың 80 пайызы жөндеу жұмыстарын

жүргізуді қажет етті. Осы секілді күрделі мәселелердің болғандығына көз жеткізу үшін 2000 жылдың қараша айындағы есеп-қисап кезінде Спасск әскери базасындағы 1 515 шынжыр табанды техниканың 34-і ғана іске жарамды болды дегенге біреу сенсе, біреу сенбес.

Осы орайда, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылғы 8 желтоқсанда күштік ведомстволар құрамаларының басшылары мен командирлерінің алғашқы жиналысында: «Біз – егемен, тәуелсіз мемлекетпіз, сондықтан қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесі ішкі және сыртқы саясатты қалыптастырудың жалпы құрылымындағы ең өзекті мәселе болуы қажет. Сол себепті бізге саны жағынан шағын, бірақ заманға сай қару-жарақпен жабдықталған, жоғары ұтқыр, білімді, егемен елімізді қорғау мүддесі үшін кез келген жағдайда түрлі іс-қимылға даяр армия қажет» деген кесімді пікірін айтты. Және сол мезетте Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде Қазақстан армиясын қалыптастыруда әскери саладағы алғашқы нақты қадамдарын бұған дәлел ете алды.

Нұрсұлтан Назарбаевтың көзқарасының прагматизмі қиын-қыстау сәттерде шешімін тауып, бұрынғы бірқатар Кеңес елдері басынан өткерген қателіктерді жібермеуге жол берді» деп еске алады тәуелсіздік жылдары Қорғаныс министрі қызметін атқарған қайраткер тұлға Армия генералы Мұхтар Алтынбаев. Мұны Қарулы

Күштерді жасақтау процесіндегі бірінші жеңіс деп бағалау қажет. Әрине, одан соң КСРО-дан қалған қаруды бөлісу, бізге қажеті жоқ ұрыс техникаларын, атап айтқанда, стратегиялық бомбалаушы ұшақтарды, баллистикалық зымырандарды Ресейге қайтарып беру, ядролық қарудан бас тарту процесі тәрізді шаралар жалғасты. Сонымен бірге жас армияны жаңа техникамен жабдықтау ісі де сол кезден-ақ басталды. Қарулы Күштердің құрылуының нәтижесінде қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындары мен әскери оқу орындары құрылып, бұрыннан барлары қызметін жандандыра түсті. Сөйтіп, тұтас бір сектор бәсекеге қабілетті болды. Армия әлеуметтік саты қызметін атқара бастады. Бұл – бір ғана шешімнің екінші үлкен олжасы.

Расында, еліміздің кең-байтақ жерінде көптеген әскери база, небір құрамалар мен бөлімдер бар еді. Бірақ Елбасы айтқандай, олар қираудың аз-ақ алдында тұрды. Содан, Елбасының ерен күш-жігерінің арқасында аталған базаларда – Құрлық әскерлерін; әуе армиясының аралас авиациялық корпусының базасында – Әскери-әуе күштерін; әуе шабуылына қарсы қорғаныс корпусының құрамалары мен бөлімдерінің базасында осы аттас әскерлерді құруға мүмкіндік туды. Сөйтіп, Қазақстан армиясы Құрлық әскерлері, Әскери-әуе күштері, Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері мен Әскери-теңіз күштері секілді дәстүрлі төрт түрінен тұрды.

Уақыт өте келе, 1999 жылдан оны жасақтаудың түбегейлі реформасы басталды. Әсіресе, еліміздің Әскери доктринасында жазылғандай,



Қарулы Күштердің басшылығы бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы арқылы басқарылады. Сонымен қатар, бұл ведомство мемлекеттің қорғанысымен, Қарулы Күштер, басқа әскерлер мен әскери тектердің құрылыс және даму тұжырымдамасын әзірлеу және Үкіметте бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізумен байланысты міндеттерді де жүзеге асырады. Оған қоса, мемлекеттік қорғаныс тапсырыс пен қорғаныс үшін қажетті қаражат бөлу туралы ұсыныстарды әзірлеумен айналысады. Қарулы Күштерді материалдық-техникалық тұрғыда қамтамасыз етіп, қорғаныс мәселелерінде оның мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесуін ұйымдастырады.

Қазіргі таңда Қазақстан Қарулы Күштері тек қорғанысқа көңіл бөлген, жаппай қарулануды жақтамайтын, кәсіби деңгейі жоғары құрылымға айналды. Ел тарихында қабылданған 4 әскери доктринамыздың барлығында қорғанысқа басымдық берілген. Сөйте тұра бұл құжаттарда елге төнуі мүмкін ықтимал қауіп-қатер мен әлемдегі әскери-саяси жағдайлар ұдайы әскерілді. 2017 жылы қабылданған





соңғы доктринада кибер және ақпараттық қауіпсіздік, гибриді соғыспен оған тосқауыл қою амалдары да қарастырылған. Мұның өзі әскери саланың заманауи сын-қатерлерге дер кезінде тойтарыс беруге икемделетінін көрсетеді.

Оның жарқын келбетін біз араға он жыл салып, Қазақстан Қарулы Күштері туралы пікір білдірген шетелдік сараптамалық жарияланымдардан анық аңғарамыз. Себебі, Орталық Азия өңірі мен посткеңестік елдер аймағы бойынша әскери қуаты жағынан біздің ел 2009 жылдың қорытындысында «жетекші үштікке» енген болатын. Бұл жай ғана сәйкестік емес еді. Осы кезеңдерде Қарулы Күштерді ұстап тұру арқылы елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттің басты қағидасына айналды. Осындай мақсат-міндеттің арқасында әскери дайындыққа көңіл бөлу қарқыны күрт өсті. Мысалы, сол

кездері бір ғана жылдың ішінде 52 түрлі ауқымдағы оқу-жаттығу шаралары ұйымдастырылды. Бұл 2008 жылмен салыстырғанда бір жарым есеге артық көрсеткіш еді. Ал енді оның бірқатарын атап өтсек, «Әскери әріптестік», «Әуе күштері», «Дала қыраны» сынды сарбаздар дайындығын шыңдау шаралары болатын. Осы орайда, Мәтібұлақ полигонында ҰҚШҰ (Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы) аясында халықаралық деңгейде ұйымдастырылған «Бірлескен әрекет-2009» оқу-жаттығуы да өте жоғары деңгейде өткен еді.

Сонымен қатар халықаралық ынтымақтастыққа айрықша көңіл бөлінді. Соның ішінде Ресей және Қытай елдерімен, Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттермен, НАТО-мен ынтымақтастық орнаттық. Елбасы саясатының арқасында Қазақстан әскери ынтымақтастықтың да көпвекторлы бағытын ұстанды. Шан-

хай ынтымақтастық ұйымы, Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы қатарлы бірлестіктер аясында бірлескен әскери жаттығуларға қатыссақ, НАТО күштерімен бірге антитеррорлық дайындықтар жүргіздік. Қарулы Күштер 90-шы жылдары ТМД-ның сыртқы шекарасын қорғауға атсалысып, 9,5 мыңнан астам сарбазымыз бен офицеріміз тәжік-ауған шекарасын күзетуге қатысқан еді. Ал 2005-2008 жылдар аралығында «Қазбат» батальоны Ирак жерін минадан тазарту жұмысына қатысқан болатын. Тәжік-ауған шекарасында 1995 жылдың 7 сәуірінде 17 сарбазымыз мерт болған еді. Ал Иракта капитан Қайрат Құдабаев қаза тапты. Әрине, сарбаздардың қазасы жайлы деректер күрсінткенімен, Қазақстан әскерінің мол тәжірибеден өткені, сарбаздардың білімі мен біліктілігінің артқаны, әлемдік қауымдастық алдында ел беделінің өскені қуантады. Бүгінде Қазақстан



Қарулы Күштерінде Ресей, Беларусь, Израиль, Түркия, Қытай, Оңтүстік Африка Республикасы, АҚШ, Франция сияқты мемлекеттердің түрлі техникалары қолданылып жүр. Қазақстан радиоэлектронды байланыс құралдары, радиолокациялық жабдықтар, түнде көру құрылғылар, броньды көліктер, әскери катерлер құрастырып, патрон өндіретін деңгейге жетті.

Бүгінде Қазақстан аспанын С-300 тәрізді зениттік зымыран кешендері қорғап тұрса, әуе күштері Су-30СМ, МиГ-31 тәрізді ұшақтармен қаруланған. Отандық көліктер, түріктің броньды машиналары, француздармен бірлесе құрастырған «Нұр» радиолокациялық кешендер елдің қорғаныс қабілетін арттыратын құрал екені сөзсіз.

Қарулы Күштерді жасақтауда Елбасы ұстанған бағыт – сан емес, сапа. Нұрсұлтан Назарбаев әскер санының көп болуынан гөрі шағын әрі ұтқыр армия маңызды деп санады. Сонымен бірге әскери істі кәсіп қылған мамандар

қатарын көбейтуді де көздеді. Сөйтіп, келісімшарт бойынша әскери қызмет атқару жүйесі енгізілген еді.

Бүгінде Қарулы Күштердің жеке құрамының 75 пайызы келісімшарт бойынша қызмет етеді. Яғни, кәсіби әскер. Одан бөлек, Қазақстан әскерінің жеке құрамының саны да көп емес. Шамамен, 100-110 мың шамасында. Алайда Қарулы Күштерді мұндай үлгіде дамыту қоғам үшін де, елдің қорғаныс қабілеті үшін де пайдалы болып тұр. Біріншіден, келісімшарт арқылы әскери қызмет өтеу көптеген жастың әлеуметтік мәселелерін шешіп, қоғамда өз орнын табуына септігін тигізді. «Әскери баспана» тәрізді бағдарламалар жауынгерлердің баспанамен қамтамасыз етілуіне ықпал етіп жатыр. Екіншіден, кәсіби түрде әскери қызметпен айналысқан жауынгерлердің даярлығы жоғары, қауіп-қатер туындай қалған жағдайда тез шешім қабылдауға қабілетті

келеді. Үшіншіден, кәсіби әскер мен армия жағдайының жақсы болуы халықтың Қарулы Күштерге сенімін нығайтады. Бұл сенім армияға тіреу болары сөзсіз.

Қысқасы, тәуелсіздік жылдарындағы айтулы жетістіктер қатарына кәсіби армияның жасақталуын қосамыз. Мұны Елбасы да атап өткен болатын. «Тәуелсіздік жылдары мемлекетіміз кәсіби армия қалыптастырды, ел мүддесіне толық сай келетін әскери доктрина түзілді. Біздің қасиетті топырағымыз әуеде де, жерде де және суда да қорғаныс аясында. Біз барлық көршілес елдермен достық қарым-қатынастамыз. Қазір армия кез келген жағдайға дайын болуы тиіс. Бұл – әскери қызметшілер алдына мемлекет қойып отырған міндет» деген еді Нұрсұлтан Назарбаев.


Дидар ЖАРМҰХАМЕДОВ,
Әскери-тарихи музейдің ғылыми
қызметкері



ЖИЗНЬ И СУДЬБА ЕГО БЫЛИ ПОДВИГОМ

«Вершину одолеет тот, кто к ней идет настойчиво», - говорил словами казахской пословицы участник Великой Отечественной войны, Герой Советского Союза, Халық Қаһарманы за номером один, Первый Министр обороны Казахстана генерал армии Сагадат Нурмагамбетов, которого знают и помнят как в нашей стране, так и за ее пределами.

Именно он был единственным участником Великой Отечественной войны среди министров обороны стран СНГ в годы создания и становления суверенных государств. И ему же было оказано высокое доверие участвовать и выступить 9 мая 2005 года в Нью-Йорке на пленарном заседании Генеральной Ассамблеи ООН по случаю празднования 60-й годовщины окончания Второй мировой войны



Имя Сагадат ага в наши дни носит одна из улиц на Родине героя – в городе Ақкөл, что в Акмолинской области. На этой же улице находится музей, посвященный герою, где запечатлены не только его жизнь и боевой путь. В музее находятся и документы о родном брате Сагите, погибшем смертью храбрых в годы войны, о племяннике Кеңесе, проявившем на афганской земле мужество и посмертно награжденном орденом Красной Звезды. Названа именем Сагадата Кожамбетовича республиканская школа «Жас улан». А в Алматы на улице Мукана Тулебаева находится обычный скромный дом. В нем в свое время жил

До последних дней жизни Сагадат Кожамбетович был связан не только с нашими Вооруженными Силами, но и руководством ОДКБ. Для него Отчизну защищать стало не просто профессией, но и смыслом всей жизни. Он отдал армии более полувека.

Нынче нет ни одной структуры, где бы ни служили и трудились его воспитанники. А те, кто служил под руководством генерала армии Нурмагамбетова, до сих пор испытывают гордость. Они свои поступки сверяют с именем героя. Что и говорить, сама его жизнь и судьба были подвигом.

Да, образ его засверкал ослепительной звездой еще при жизни. Он был именно из тех людей, которые излучали обаяние, бодрость духа и чистоту помыслов. Выделялся он не только внешними данными, но и обладал богатым внутренним миром, кипучей энергией. Не зря в народе говорят: «Не тот красотой обладает, кто телом красив бывает, а тот обладает красотой, кто красив душой».

Его всегда отличали человечность, душевная теплота, искренность, та-

лантливость, жизненный и профессиональный опыт, великолепное знание военного дела, прозорливость, феноменальная память, чувство высокой ответственности и, разумеется, военная выправка, стройность, молодцеватость.





Сагадат Кожаматович. Теперь об этом напоминает мемориальная доска. Здесь кроме родственников и близких Нурмагамбетова часто бывают люди разных национальностей, они помнят героя и возлагают цветы. Словом, каждый, кто знал и знает Сагадату Кожаматовича, бережно хранит добрые воспоминания о нем, а заветы несет по жизни, стараясь не расплескать как святую чашу.

«...Дожить до Победы. Нет, не желаю. Приказываю!»

Сагадат Кожаматович занял поистине уникальное место в истории Великой Отечественной войны. Что касается военной биографии, то службе в армии он посвятил более 50 лет, начав ее в годы Великой Отечественной войны командиром пулеметного взвода после окончания первого Туркестанского пулеметного училища. Прошел ее от Кубани до Берлина в составе 1052 стрелкового полка 301 Донецкой ордена Суворова II степени Берлинской стрелковой дивизии 5-й ударной армии.

Да, эта дорога, по мнению фронтовики, была ухабистой. Не раз он смотрел смерти в глаза. Она оставила свои отметины – ранения.

- Несмотря на тяжелые ранения, - говорил Нурмагамбетов, - вставал в боевой строй, чтобы добить врага в его логове и встретить долгожданную победу. Ибо помнил слова умудренного житейским, боевым опытом начальника штаба 157-й отдельной бригады подполковника Михаила Сафонова, произнесенные им в начале 1943 года перед

первым моим боевым крещением. Назначая меня командиром взвода станковых пулеметов в пулеметную роту, подполковник сказал: «Я желаю вам, товарищ лейтенант, дожить до Победы. Нет, не желаю. Приказываю!». И он выполнил приказ – дожил до Победы. Разумеется, переживал за тех, кого потерял на фронтовых дорогах.

Помнится, на мой вопрос «Что для вас было самым трудным в годы войны?» ветеран отвечал с болью: «Кровопролитные бои, когда снег был красным, когда ночью в минуту затишья перед тобой вставали лица буквально несколько минут назад погибших на твоих глазах еще юных друзей».

- Можно ли сегодня забыть самоотверженную стойкость наших воинов под Москвой? – подчеркивал мой собеседник. – Можно ли забыть подвиг героев, раненных и обмороженных под Сталинградом, где каждый камень и каждый бугорок пропитаны солдатской кровью? Можно ли забыть огонь на Курской дуге, где тысячи и тысячи танков скрежетали днем и ночью? А битву на Кавказе? На Днепре? Можно ли забыть обгоревшие развалины Белоруссии, где детишки с перебитыми ручонками рвались на фронт, просились в партизанские отряды? А бои под Варшавой? Под Берлином? Конечно же, не забыть мне и ликование наших воинов в Германии, когда после ее капитуляции строевым шагом с развернутыми полковыми знаменами шли по Берлину солдаты-победители.

Надо сказать и о том, что «Золотую Звезду» Сагадат Кожаматович полу-



чил, когда ему было всего 20 лет. 27 февраля 1945 года за образцовое выполнение боевых заданий во время прорыва сильно укрепленной обороны противника на территории Польши, проявленные при этом отвагу и героизм, ему было присвоено звание Героя Советского Союза.

Из воспоминаний командира 301-ой дивизии генерал-майора В.Антонова:

«Бои, прошедшие на польской земле, до сегодняшнего дня перед глазами, как кадры документальной хроники. Особую отвагу и героизм здесь проявили многие командиры, бойцы, в том числе Сагадат Нурмагамбетов, за что и был он удостоен звания героя.

Если конкретнее, та январская ночь 1945 года была беспокойной. Дважды гитлеровцы под шквальным огнем наших стрелков и пулеметчиков пытались вернуть утраченные позиции. Полк, в котором командовал пулеметной ротой капитан Нурмагамбетов, скрытно прошел реку Пилицу. Один фашистский танк двинулся на огневую позицию пулеметного расчета. Когда танк прошел под траншеей, капитан Нурмагамбетов быстро поднялся и одну за другой бросил гранаты. Танк охватили клубы черного дыма. А бой продолжался. Капитан сам у пулемета, вместе со своим лучшим пулеметчиком сержантом Геннадием Ворошиловым «крестом» и «веером» бил по неприятельским цепям. Командир роты меткими очередями из пу-





лемета уничтожил еще 65 фашистских солдат и офицеров. Плацдарм на левом берегу реки Пилица был удержан. 1052-й полк продолжал наступление...». Из представления командира 1052 стрелкового полка Героя Советского Союза подполковника А.Пешкова и командира 301-й стрелковой Сталинской ордена Суворова 2-ой степени дивизии полковника А.Антонова в вышестоящий орган:

«...24 апреля 1945 года батальон майора Нурмагамбетова, сломив упорное сопротивление противника, ворвался в г. Берлин. Мастерски управляя батальоном, в сложных уличных боях с большими группами фаустников и автоматчиков уничтожил свыше 450 и захватил в плен 1560 гитлеровцев и ликвидировал 9 опорных пунктов. В этом бою майор Нурмагамбетов был ранен. Достоин награждения второй медалью «Золотая Звезда».

Об отдельных эпизодах сражений герой говорил с неутихающей болью.

- Штурм правительственных зданий столицы Германии, имперской канцелярии Гитлера был одним из самых тяжелых и кровопролитных боев, - рассказывал фронтовик. - Там засели исключительно эсэсовцы, они дрались с ожесточением, отстаивая каждый квартал, переулок. Но, как гласит поговорка, «И крепости отважным покоряются». Мои бойцы метр за метром брали здания гестапо. Штурмуя логово фашизма, отличились многие бойцы батальона. Приведу лишь один такой пример: сержант Иван Антипенко под огнем противника в течение нескольких часов

обеспечивал бесперебойную связь командира полка с командирами подразделений. В этом бою Антипенко был тяжело ранен. Он истекал кровью, но бился с гитлеровцами до победы. Кровью обливалось сердце, когда я терял подчиненных, штурмуя главное логово фашизма. Это были последние минуты до победы. Сколько радости вызвала она, когда передали нам весть – враг капитулировал. Сердце замерло от радостного сообщения. Я не мог вымолвить ни слова. Сами собой появились слезы. Впервые за время войны.

Вспоминая военные годы, фронтовик подчеркивал подвиг людей, вклад в Победу всего народа: от мала до велика.

О себе ветеран говорил скромно, больше вспоминал командиров, однополчан, тех, с кем прошел трудными дорогами войны, с кем служил:

- Наш командир дивизии генерал-майор Антонов был человеком высокой культуры, являлся новатором, слыл ярким противником всякого шаблона, учил применять новые тактические приемы в бою. Этому учили мы своих подчиненных.

Сагадат Кожаметович всегда считал, что нужно быть ближе к солдату. Это убеждение он называл первым и главным уроком своей многолетней службы:

- Любить его, заботиться, как о родном сыне и брате. Доброе слово и улыбка значат многое. Они – как чистый и вечный родник.

И тем не менее, беседуя с генералом, я чувствовал его озабоченность и обе-

спокойствие тем, что в последнее время немало тех, кто пытаются очернить, пересмотреть ход и итоги Великой Отечественной войны.

Чувство гордости за свою Отчизну

Будучи главным редактором газеты «Қазақстан сарбазы» – «Воин Казахстана» я не раз общался с Сагадатом Кожаметовичем. В нем я видел не только страстного патриота своей Родины, крупного военачальника, дипломата, но и всесторонне эрудированного человека, творческую личность.

Перо ветерана войны было боевым, как в годы сражений за Отчизну, при написании известных книг-воспоминаний «Мой передний край», «А в памяти нет тишины». Описывая бои, вспоминая командиров, однополчан, он не уходил от ужасов войны, подчеркивал, что в будущее берут не пепел, а огонь.

Важно сказать, что Сагадат Кожаметович с любовью и теплотой рассказывал о жизни и быте людей, особенно своего родного края: «Особенно волновали меня сенокосные вечера. Как только садилось солнце, повсюду разжигались костры. После ужина все сходились, и над лугами звучали песни. Как же хорошо пели мои земляки! Этот вечер запомнился мне во всех деталях. Как будто наяву слышу стрекотание кузнечиков, скрип разошедшихся колес, постепенно затихающую песню, вижу бегущий за телегой месяц. И звезды: крупные, яркие, как перезревший шиповник».

- Родина! Это слово мы не случайно пишем с заглавной буквы, - говорил герой. - Все, что имеем, - талант, силы, мечты и свою преданность - отдаем мы ей. Потому мне хотелось передать чувство гордости за наш родной край, Отчизну, за наш многонациональный народ. Да, у Казахстана никогда не было опыта строительства своей армии, надо было по крупицам собирать его.

Мы начинали с чистого листа

Талант, глубокие знания, цельность, широта мышления, прагматичный, рациональный подход к решению любой задачи и другие качества генерала армии Сагадата Нурмагамбетова оказались кстати в строительстве Вооруженных Сил.

Министр обороны не был сторонником популистских, ни к чему не обяза-



вающих обещаний. Он всегда нацеливал подчиненных на достижение реального результата. Еще в первые годы становления Вооруженных Сил задумывался, какой будет армия Казахстана нового тысячелетия.

– Не поверите, напряжение тех лет, когда закладывали первый камень фундамента создания наших Вооруженных Сил, – рассказывал Сагадат Кожаметович, – было настолько велико, что сравнимо с военными годами. Мне казалось, что я, как и прежде, нахожусь на передовой. Ведь распался Союз, некоторые генералы, офицеры уезжали на исконную родину. Были части, которые оставались без командиров. К тому же важно было сохранить неприкосновенность материальных ресурсов и боевой техники.

Сегодняшнее поколение защитников Родины должно знать историю создания Вооруженных Сил. Они родились не в одночасье, а создавались на ответственном этапе нашей истории – этапе обретения республикой Независимости.

Время было сложным. С распадом Советского Союза наметилась тенденция разрушения единого оборонного пространства, растаскивания армии по «национальным квартирам». Это отрицательно сказалось не только на социально-психологическом состоянии личного состава, но и на боеготовности

армии в целом. И в этой ситуации процессы разделения некогда единых вооруженных сил с каждым днем ускорялись. Да, все независимые государства приступили к созданию своих армий.

Казахстан на начальном этапе выработки собственной военной политики придерживался более сдержанного подхода и проводил линию на сохранение единого оборонного пространства и поддержку идеи создания объединенных вооруженных сил стран Содружества, полагая, что это позволит надежно обеспечить как национальную безопасность Республики Казахстан, так и коллективную безопасность бывших союзных республик. Такая позиция руководства Казахстана находила одобрение и поддержку не только в войсках, но и у широкой общественности.

Первым шагом к решению этой задачи для суверенного Казахстана явился конституционный закон о государственной независимости, который определил, что «Республика Казахстан в целях охраны своей независимости и территориальной целостности имеет право на создание собственных Вооруженных Сил». 7 мая 1992 года главой нашего государства был издан указ о создании Вооруженных Сил Республики Казахстан.

Строительство казахстанской армии

начиналось практически с чистого листа. Создавая собственные Вооруженные Силы, мы не видели сиюминутного благополучия, думали о дальнейшем становлении и развитии армии. С этой задачей мы справились, как говорят в нашем народе: «Вершину одолеет тот, кто к ней идет настойчиво».

Всеял в людей боевой дух

Об удивительном и неординарном человеке – легендарной личности люди вспоминают добрым словом. Что ж, верна пословица, которая гласит: «Благодарность людская – благодать большая».

В своем докладе Первый Президент Республики Казахстан – Елбасы Нурсултан Назарбаев на торжественном собрании, посвященном 15-летию образования Вооруженных Сил РК, о Нурмагамбетове сказал следующее: «Возглавляя Министерство обороны с 1992 по 1995 год, Сагадат Кожаметович сыграл важнейшую роль в становлении нашей армии. Его опыт, высокий авторитет среди военных и безупречное служение Родине оказались необходимыми в непростое время становления казахстанских Вооруженных Сил».

Сапаргали ЖАГИПАРОВ,
фото из архива автора



**Полковник Сәкен ЖҮСІПОВ,
ҚР Қарулы Күштері Бас Штабы Ұйымдастыру-
жұмылдыру жұмыстары департаментінің бастығы**

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУДЫҢ ТАРИХЫ ӘРІДЕ ЖАТЫР

ТАРИХ. Тереңдеп үңілген сайын елдің ертедегі тыныс-тіршілігіне дендеп енгізетін ерекше құдіретті күш іспетті ғой бұл. Ия, өткен тарихты өзінше зерделеген кез келген пенде мұны еріксіз мойындайтынына титтей де шүбәміз жоқ. Ендеше, біз де бүгінде Тәуелсіз Қазақстандағы болашақ сарбаздар мен сардарлардың жолын ашып беріп отырған әскери мекеменің құрылу тарихын тереңнен қозғағанды жөн көріп отырмыз. Қорғаныс істері бойынша мекемелер болып аталатын, әскерге шақыру және осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі ұйымдастыру секілді іргелі істермен айналысатын біздің сала әу баста әскери комиссариат болып құрылған болатын. Ал енді түпкі тарихтан бермен қарай тамыр тартатын әңгімемізді нақты тарихи деректермен сабақтастырайық.

Тарих пен таным

Тарих сахнасына Кеңес Одағы келгеннен кейін, дәлірек айтқанда 1918 жылдың 8 сәуірінде Халық комиссарлар кеңесі әскери істер жөніндегі

комиссарларды құру туралы декрет қабылдаған. Аталған құжаттың негізінде олар әскери қызметке жарамды азаматтарды есепке алу, оларды Отан қорғау қызметіне шақыру, Қарулы

Күштерді қалыптастыру, барлық жұмысшыларды оқыту және шаруаларды әскери істерге үйрету, сондай-ақ әскери жабдықтаудың материалдық қажеттіліктерін қамтамасыз ету секілді іс-шараларды жүзеге асыруды қолға алған. Тіпті, жалпы халық санағын жүргізумен қатар, ел арасындағы мал-мүлікті тіркеу істеріне дейін атсалысқан екен. Яғни, сол кездегі әскери комиссариат Кеңес Одағындағы ұйымдастыру-жұмылдыру шаралары бойынша көш басында тұрған бірден-бір мекеме болған. Сондықтан болса керек, ондағы қызметкерлерді өздеріне тиесілі жұмыстан бөлек істерге де тартып отырған. Бір сөзбен айтқанда, әскери комиссариат әмбебап мекеме болған ғой. Бұл тарихи ақиқатты оқырманға міндетті түрде айтуымыз керек.

Ал енді біз сөз етіп отырған комиссариаттың басы-қасында болған, мекеменің тізгінін ұстап, талай іргелі істерді атқарған тарихи тұлғаларға тоқталайық. Бұл тұрғыда тіл ұшына бірінші кезекте Әліби Жангелдин мен Амангелді Иманов келеді. 1917 жылы Әліби Жангелдинді В.И.Ленин Далалық қазақ өлкесінің алғашқы әскери комиссары етіп тағайындаған. Сөйтіп, Жангелдин біздің елде Қызыл әскердің алғашқы қазақ әскери бөлімдерін құрды. Ал, 1918 жылдың жазында Кеңес үкіметінің тапсырмасы бойынша ол Түркістанға ақша, қару-жарақ, киім-кешек және оқ-дәрі жеткізу үшін 600 адамнан тұратын Мәскеу экспедициялық жасағын ұйымдастырған. Тамыз айында Жангелдиннің жасағы Астраханға келіп, ақ гвардияшы бүлікшілермен күрескен. Осындай қиян-кескі шайқастарды еңсере отырып жасақ Астрахан-Каспий флотилиясының кемелерімен Маңғышлақ түбегіне келіп түседі. 71 тәулік ішінде шөл даламен 2300 шақырымды жүріп өтіп, Ақтөбе-Түркістан майданына қару-жарақ, оқ-дәрілерді жеткізіпті.

Ал, Амангелді Иманов Торғай уезінің әскери комиссары болды. Ол 1916 жылы қазақ елінде патша өкіметіне қарсы шығып, Торғай өңіріндегі көтерілісті басқарғаны белгілі. Сол азамат соғысы кезінде жоғарыда аты аталған Әліби Жангелдинмен бірге Қазақстандағы алғашқы Ұлттық Қызыл әскер бөлімдерін қалыптастырды, адмирал Колчак әскерлерінің тылындағы



партизандарға көмектесті. Ақ гвардияшыларға қарсы бағытталған жасақтары бірігіп, 1918 жылдың қараша айында Торғай қаласын бүлікшілерден босатты.

Жалпы, әскери комиссариаттар жергілікті жерлерде Қарулы Күштерді ұйымдастыруда шешуші рөл атқарған. 1918-1920 жылдары мұндай мекемелер әскери және тыл жасағын жұмылдыруды жүзеге асырды. Халықтың көлік құралдарының және жылқылардың есебін жүргізді. Жергілікті халықтың әскери білім алуына атсалысты. Әскерге жарамды азаматтардың тартылуын қатаң бақылады. Егер 1918 жылдың басында Қызыл әскер құрамында 300 000 жауынгер соғысса, жыл соңында олардың саны 1 миллионға жетті. Ал, 1920 жылдың күзінде әскери комиссариаттар армия құрамын 5 миллион адамға дейін жеткізді. 1921 жылдың басынан бастап майданда ұрыс қимылдарының тоқтатылуына және армияның демобилизациясына, қайта ұйымдастырылуына және санының қысқаруына байланысты әскери комиссариаттар жалпыға бірдей әскери оқытумен, әскери міндеттілерді, жылқыларды, көлік құралдарын әскери есепке алумен және жұмылдыру мәселелерімен айналысты. Кейіннен Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысымен 1938 жылғы маусымда жергілікті әскери басқару органдары туралы жаңа ереже бекітілді. Оған


сәйкес әскери бөлімдерді жасақтау ерекшелігіне бейімделген бүкіл жүйе қайта құрылды. Нәтижесінде Ұлы Отан соғысы қарсаңында өткізілген қайта ұйымдастыруға сәйкес елдің әрбір ауданында (қаласында) әскери комиссариаттар қайта құрылды. 1939 жылы КСРО-ның «Жалпыға бірдей әскери міндеттілік туралы» Заңы қабылданды. Сол уақытта әскери комиссариаттардың жұмыс ауқымы кеңейді. Олар барлық кәсіпорындар мен мекемелерде, оқу орындарында жалпыға бірдей әскери оқу курстарын ұйымдастырды, мерзімді әскери қызметке шақырылғандардың санын арттырды. Елді жұмылдырып, бұқаралық спортты дамытты. Мысалы, «Еңбек пен қорғанысқа дайын» (ГТО) 21 нормативі (жүгіру, секіру, жүзу, шаңғы, парашютпен секіру және т.б.) бекітілді.

Елдік пен ерлік

Ұлы Отан соғысы кезінде әскери комиссариаттардың міндеті екі еселенді. Оларға күрделі әрі ауқымды істерді атқару қажет болды. Сол бір қиын шақта жүздеген мың атқыштарды, броньды бұзушыларды, байланысшыларды, минометшілерді, саперлерді және басқа да мамандарды барлық оқыту жүйесі бойынша даярлау ісі қолға алынды. Қазақстаннан әскерге және флотқа 1 387 000 әскери міндетті, мыңдаған көлік құралдары жіберілді. Әскери дайындықтан өткен ресурстарды үздіксіз толықтыру қамтамасыз етілді. Ол дегеніңіз – халықтың 20 пайызы, ерлердің 70 пайызы, әйелдердің



5250-і осы іске жұмылдырылды деген сөз. Әскери комиссариаттар 700 000 ересек адамды еңбек армиясына жіберді, бұдан өзге 670 000 адам өнеркәсіпте жұмыс істеуге жұмылдырылды. Соғыс кезінде әскери комиссариаттар Қазақстанға эвакуацияланған 1 500 000 адамды және жау басып алған аумақтағы әскери зауыттар мен фабрикаларды орналастыруға қатысты. Өз аумақтарында коменданттық бақылауды күшейтті және жаудың диверсиялық әрекеттеріне қарсы іс-шаралар ұйымдастырды. Отан үшін майданға кеткен әрбір екінші қазақстандық оралмады. Солардың отбасына хабар беру де осы комиссариаттардың міндеті болды. Мысалы, әскери комиссариаттар



қайтыс болған 601 939 және хабар-ошарсыз кеткен 270 000 адам жайлы отбасына хабарлаған, сондай-ақ сол жанұяларға зейнетақы тағайындау бойынша жұмыстарды ұйымдастырған. Әскери комиссариаттардағы офицерлер мен қызметшілердің жұмылдыруды жүргізу және резервтерді дайындау жөніндегі жанкешті еңбегі Ұлы Жеңіске жетуге мүмкіндік берді. Демобилизация кезеңінде әскери комиссариаттар әскери міндеттілерді есепке алуды және хабар-ошарсыз кеткендерді іздестіруді жүргізді.

Бейбіт кезеңдегі бейнет

Ұлы Отан соғысы аяқталып, ел бейбіт өмірге көшті. Осы кезеңнен бастап әскери комиссариаттардың ісі жаңаша тыныстады. 1950 жылдан бастап 1990 жылға дейін түрлі кезеңдер мен өзгерістерді бастан өткерді. Әр тарихи кезеңге олардың қосқан үлесі мол. Тың игеру жылдарында, Ауған соғысы мен Чернобыль апаты кезеңдерінде олардың атқарған істері тайға таңба басқандай тарихта қалды. Мысалы, 1954 жылы әскери комиссариаттар Қазақстанның тың жерлерін игеруге белсене қатысты. Жыл сайын егін жинауға жіберілген әскери міндеттілер мен техниканы жұмылдыру бойынша оқу-жаттығулар өткізілді. Ал 1970-80 жылдар аралығында КСРО Қарулы Күштерін жасақтаған кезде Қазақстанның жергілікті әскери



басқару органдары әскерге шақыру туралы бұйрықтарды әрдайым асыра орындады. Қазақстандық әскери комиссариаттар жыл сайын 300 000-нан астам адамды сапалы зерделеуді, іріктеуді және мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізді. Қазақстандықтар барлық округтерде, Қарулы Күштері әскерлерінің түрлері мен құралымдарында қызмет етті. 1979-1989 жылдары Ауғанстандағы Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің жеке құрамы әскери комиссариаттармен тереңдетілген және әдістемелік тұрғыдан айрықша зерделеніп жасақталды. Қызметтен кейін оралған жауынгерлік іс-қимылдарға қатысушыларды әскери мамандықтары мен мүгедектік санаттары бойынша

есепке алу жүргізілді. Оларға әлеуметтік көмек көрсету, медициналық қамтамасыз ету, санаториялық емдеу мен госпитальға жолдама беру, тұрғын үй және коммуналдық қызметтер сұрақтарын шешу және бірқатар қосымша жеңілдіктер алу мәселелері қадағаланды. Қазақстандық әскери комиссариаттар 1986 жылы жоғары кәсіби деңгейде Чернобыль атом электр станциясындағы авария зардабын жою үшін мамандарды жұмылдыруды жүргізді. Онда еліміздің үздік мамандары мен авариялық-эвакуациялық техникалары іріктелініп жіберілді. КСРО дәуірі кезеңінде қазақстандық әскери комиссариаттар өздерінің әскери борышын жоғары кәсіби деңгейде орындады.

Саладағы сабақтастық

Қазақстан тәуелсіздік алған сәттен бастап жергілікті әскери басқару органдары қысқа мерзімде Қарулы Күштерді барлық деңгейдегі офицер кадрларымен, өз еліміздің маман азаматтарымен жасақтау жөніндегі міндеттерді орындады. Әскерлер үшін сарбаздар мен сержанттардың жеке құрамын жасақтау бойынша жұмыс көлемі ұлғаймаса, азайған жоқ. Өскелең ұрпақтың әскерге шақырылуға дейінгі дайындығына, білім беру мекемелерінде «Бастапқы әскери даярлықты» оқытуға ерекше назар аударылды. Жасөспірімдер арасынан еліміздің және шетелдердің әскери оқу орындарына үміткерлерді іріктеу мен жіберуді ұйымдастырып, әдістемелікті жүйелендірді. Күш құрылымдарының түрлі салаларында әскери қызметтің оң имиджі кеңінен насихатталуда. Әскери-





техникалық мектептерде және жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында әскери оқытылған резервтің санын арттыру бойынша жұмыс ойдағыдай жүргізілуде. Жыл сайын жасөспірімдерді шақыру пункттеріне тіркеу бойынша кешенді жұмыстар жүргізіледі. Қазақстандық патриотизмді дамыту – болашақ Отан қорғаушыларды тәрбиелеу балалар мен жасөспірімдер жасында қаланады. Ел мектептерінде әскери-патриоттық клубтарды құру, өңірлік турлар мен еліміздің жас патриоттарымен «Айбын» республикалық жиындарын өткізу тақырыбына маңыз беріледі. Осы мақсатта қорғаныс істері жөніндегі департаменттер мен басқармаларда әскери-патриоттық бағыттағы кешенді жұмыстар және ардагерлер ұйымдарымен жұмыстар жүргізілуде.

2020 жылы басталған әлемдік пандемия кезеңінде біздің құрылымдарда да өзгеріс болды. Мысалы, пандемияға байланысты мемлекетте төтенше жағдай жарияланған кезеңде қорғаныс істері жөніндегі департаменттер аумақтық қорғаныс бөлімшелерінің қатарына жоғары кәсіби деңгейде әскери-міндетті запастағы жұмылдыру арнайы жиындарын өткізді. Карантин режимі кезінде қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің жеке құрамы халықпен толық

түсіндірме-ақпараттық жұмыстар жүргізді. Осы уақытта мерзімді әскерге шақыру кезінде сақтық шараларын ұйымдастыра отырып ел азаматтарын әскерге шақыру бағытындағы кешенді іс-шаралар жаңа форматта жүргізілуде.

Сондай-ақ, Ұлы Отан соғысының хабар-ошарсыз кеткен қатысушыларын іздестіру жұмыстарынан да қол үзіп қалғанымыз жоқ. Жақын және алыс шетелдердің мұрағаттарымен және қоғамдық ұйымдарымен хат алмасып, табылған жағдайда жауынгерлердің сүйектерін туған-туыстарына және жақындарына салтанатты түрде табы-

стаймыз және Отан үшін қазатапқандарды мәңгі есте қалдыру бағытында бірқатар жұмыстар жүргіземіз. Соғыс ардагерлерінің денсаулық жағдайын тексеру, медициналық және басқа да жеңілдіктермен қамтамасыз ету тұрақты негізде ұйымдастырылып келеді. Ұрпақтар сабақтастығы, ардагерлердің салтанатты іс-шаралар мен әскери рәсімдерге (Қарулы Күштер қатарына шығарып салу, Ерлік сабақтары, Әскери даңқ күндері, Мәңгілік полк бүкілхалықтық шерулеріне, Жеңіс шеруіне) қатысуын ұйымдастыру бойынша жұмыстар тиісті деңгейде жүргізілуде.

Мінеки, әскерге шақыру, осы бағытқа ел азаматтарын жұмылдыру секілді патриоттық жұмыстарды негізгі мақсатына айналдырған біздің әскери мекеменің арғы-бергі тарихының бір парасы осындай. Осы орайда біз, Кеңес Одағының батырлары генерал-майор Иван Панфилов пен Бауыржан Момышұлының да бір кездері әскери комиссариатта қызмет еткенін зор мақтанышпен айтамыз. Жалпы, біздің тоқталғанымыз тарихтың бір тамшысы ғана. Оны тереңнен қозғайтын болсақ, бірнеше томдық кітаптың жүгін көтерері де анық. Бұл жағын өскелең ұрпақтың еншісіне қалдырайық. Сөз соңында айтарым, «Өткенсіз бүгін жоқ, бүгінсіз болашақ жоқ» деген ел арасындағы есті қағиданы ешуақытта жадымыздан өшірмегеніміз абзал.





ПОД ЗНАКОМ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ЗАКОННОСТИ И ПРАВОПОРЯДКА

На заре становления Вооруженных Сил, руководством страны было принято своевременное и мудрое решение о создании в их структуре специального воинского подразделения с правоохранными функциями, основной задачей которого явилось поддержание воинского правопорядка. Становление военной полиции происходило в непростых условиях. Не имея практического опыта и какой-либо альтернативы, приходилось все создавать с нуля. Но благодаря неустанной заботе руководства Министерства обороны, а также самоотверженной работе коллектива, стоявшего у самых истоков образования, за эти годы военная полиция, преодолев трудности становления, проделала большую работу.

На сегодняшний день можно однозначно утверждать, что военная полиция состоялась и прочно заняла свое место в структуре Вооруженных Сил

22 апреля военной полиции Вооруженных Сил Республики Казахстан исполнилось 24 года со дня образования. Созданная в апреле 1997 года Указом Президента страны «О мерах по дальнейшему реформированию системы правоохранных органов Республики Казахстан», военная

полиция была призвана обеспечивать правопорядок в Вооруженных Силах, а также осуществлять дознание по воинским преступлениям.

Противодействие коррупции

Министерством обороны уделяется большое внимание вопросам

противодействия коррупции и обеспечению безопасности воинской службы в Вооруженных Силах, и эта деятельность осуществляется именно органами военной полиции.

Так, деятельность, направленная на искоренение коррупции в Вооруженных Силах, проводится в строгом



соответствии с Антикоррупционной стратегией Республики Казахстан на 2015-2025 годы.

В структуре Главного управления военной полиции действует управление по противодействию коррупции с функциями внутренней безопасности, ведущее, прежде всего, аналитическую работу по установлению причин коррупции и выработке предложений по их устранению.

Военная полиция проверяет в воинских частях и учреждениях соблюдение военнослужащими требований законодательства, а на площадках открытых проектных офисов «Қарулы Күштері - Адалдық алаңы» проводит консультации граждан и принимает жалобы на неправомерные действия должностных лиц Вооруженных Сил.

Предусмотрены исследования на полиграфе для лиц, назначаемых на должности с высоким риском совершения коррупционных правонарушений. Перечень должностей расширен приказом Министра обороны от 5 марта 2021 года.

В Министерстве обороны и во всех гарнизонах созданы комиссии по противодействию коррупции, рабочими органами которых являются Главное управление и органы военной полиции.

В 2020 году проведено 90 засе-

В ЦЕЛЯХ ОРГАНИЗАЦИИ ЭФФЕКТИВНОЙ РАБОТЫ, А ТАКЖЕ ИЗУЧЕНИЯ ОПЫТА ДРУГИХ СТРАН ПО ВОПРОСАМ ОБЕСПЕЧЕНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ГЛАВНЫМ УПРАВЛЕНИЕМ ВОЕННОЙ ПОЛИЦИИ ПРОВОДИТСЯ АКТИВНАЯ РАБОТА ПО ВЗАИМОДЕЙСТВИЮ С МИНИСТЕРСТВАМИ ОБОРОНЫ ИНОСТРАННЫХ ГОСУДАРСТВ БЛИЖНЕГО И ДАЛЬНЕГО ЗАРУБЕЖЬЯ

даний, треть из которых освещена в СМИ, по итогам выработано более 400 рекомендаций по устранению коррупционных рисков в сферах призыва на воинскую службу, оказания госуслуг, осуществления госзакупок, контроля за организацией питания личного состава, капитального строительства, распределения жилья и по другим направлениям.

Комиссией Министерства обороны проведен внутренний анализ коррупционных рисков в деятельности Управления командующего Десантно-штурмовыми войсками и Главного управления расквартирования войск, по итогам которого разработа-

но 44 рекомендаций по устранению причин и условий, способствующих совершению коррупционных правонарушений в подчиненных подразделениях.

В рамках Меморандума о взаимном сотрудничестве между Минобороны и Агентством по противодействию коррупции активизирована совместная работа по обмену информацией, формированию антикоррупционной культуры военнослужащих и анализу коррупционных рисков.

Также проведено 8228 мероприятий, направленных на формирование антикоррупционной культуры военнослужащих. В результате при-









нятых мер количество осужденных за совершение коррупционных преступлений в Вооруженных Силах по итогам 2020 года снизилось на 21%.

Накануне 24-й годовщины обра-

- внедрение новых источников информации о правонарушениях, в том числе предотвращение фактов поборов, вымогательства денежных средств, неуставных взаимоотношений и т.д.;

бота по противодействию коррупции продолжается.

Цель – предупредить правонарушение

Основная деятельность органов военной полиции в первую очередь направлена на профилактику правонарушений путем их предупреждения.

С этой целью органами военной полиции на постоянной основе в войсках проводятся профилактические мероприятия в виде акций, месячников и декад.

На предупреждение каких правонарушений направлены данные акции, видно из их названий. Это профилактические акции «Нулевая терпимость к правонарушениям», «Год без штрафа», «Солдатская карточка», «Стоп игромании», «Безопасная дорога», «Помни о скорости», «Готовность автомобиля к зиме – залог безаварийной эксплуатации», «Внимание, пешеход!» и «Безопасный вагон».

Кроме того, военной полицией в рамках реализации Программы «В армии нет места преступности» совместно с командованием воинских частей и учреждений проводятся декады по профилактике уклонений от воинской службы, невыходов на службу и самовольных оставлений части, профилактике неуставных взаимоотношений и превышения вла-

НАКАНУНЕ 24-Й ГОДОВЩИНЫ ОБРАЗОВАНИЯ ОРГАНОВ ВОЕННОЙ ПОЛИЦИИ ГЛАВНЫМ УПРАВЛЕНИЕМ ВОЕННОЙ ПОЛИЦИИ ЗАПУЩЕН ПРОЕКТ ИНТЕРНЕТ-САЙТА С МОБИЛЬНЫМ ПРИЛОЖЕНИЕМ ДЛЯ ПРИЕМА СООБЩЕНИЙ ГРАЖДАН О ПРАВОНАРУШЕНИЯХ В ВООРУЖЕННЫХ СИЛАХ - «ӘСКЕРИ КӨМЕК»

зования органов военной полиции Главным управлением военной полиции запущен проект интернет-сайта с мобильным приложением для приема сообщений граждан о правонарушениях в Вооруженных Силах - «Әскери көмек», основными целями и задачами которого являются:

- обеспечение открытого и всестороннего взаимодействия органов военной полиции с гражданами, в том числе военнослужащими;

- автоматизация процесса приема, учета и контроля обращений в органы военной полиции;

- повышение качества оперативного реагирования с целью предупреждения фактов совершения уголовных правонарушений и их профилактики в Вооруженных Силах;

- создание эффективного инструмента для принятия мер по защите прав, свобод и законных интересов заявителя в рамках компетенции. Ра-



сти, по предупреждению правонарушений, связанных с нарушением порядка и правил несения караульной и внутренней службы, по предупреждению хищения и профилактике коррупционных правонарушений.

Обеспечение безопасности – первостепенная задача

В августе 2019 года в соответствии с решением Министра обороны в оперативно-стратегических и оперативно-территориальных органах военного управления были образованы подразделения обеспечения безопасности воинской службы. Данные подразделения наделены контрольно-аналитическими функциями, их деятельность, прежде всего, направлена на оказание практической помощи, выработку предложений и рекомендаций командирам (начальникам) органов военного управления ВС РК по вопросам минимизации рисков безопасности воинской службы. В мае текущего года планируется впервые провести учебно-методические сборы с офицерами подразделений обеспечения безопасности воинской службы ВС РК.

Во втором квартале 2021 года запланированы рабочие контакты на экспертном уровне с представителями подразделений обеспечения безопасности воинской службы Азербайджанской Республики и Республики

Беларусь.

Управлением обеспечения безопасности воинской службы Главного управления военной полиции совместно с Юридическим департаментом разработан проект Правил обеспечения безопасности воинской службы в Вооруженных Сил Республики Казахстан. После прохождения всех необходимых экспертиз и согласований 25 декабря 2020 года Министром обороны утверждены указанные Правила. В настоящее время требования Правил реализовываются в органах военного управления ВС РК. Правила состоят из следующих основных блоков: понятийный аппарат, планирование, подготовка, контроль и анализ. Мониторинговыми группами управления обеспечения безопасности воинской службы Главного управления военной полиции разъясняются требования указанных Правил, проводятся инструкторско-методические занятия. Совместно с командованиями воинских частей принимаются меры по совершенствованию методических основ комплексных занятий по мерам безопасности, которые проводятся в начале учебного периода подготовки войск. Особое внимание обращается вопросам внедрения в систему подготовки органов военного управления 6 учебных модулей и 24 ситуационных кейсов обеспечения безопасности

воинской службы.

Говоря о деятельности военной полиции, нельзя не упомянуть и об участии военнослужащих в миротворческой миссии. В 2019 году военнослужащие военной полиции впервые приняли участие в миротворческой деятельности в качестве военных наблюдателей миссии «Временные силы Организации объединенных наций в Ливане». С этого времени военнослужащие военной полиции ежегодно входят в состав миротворческой роты. Необходимо отметить, что право представлять военную полицию в составе миротворческой миссии представляется наиболее достойным и подготовленным военнослужащим.

На сегодняшний день основными и неизменными задачами военной полиции остаются обеспечение правопорядка в войсках, защита прав и законных интересов военнослужащих, помощь и содействие командирам в поддержании воинской дисциплины.

Органы военной полиции Вооруженных Сил имеют необходимый потенциал для качественного выполнения возложенных на них задач и прилагают все усилия для укрепления воинской дисциплины и правопорядка в войсках.

Тимур АУБАКИРОВ

Бүгінгі таңда жаһандану бағытындағы даму мәселесі мемлекеттер арасындағы барлық салалар бойынша тығыз ынтымақтастық орнатумен айқындалып отыр. Заманға сай әлемдік даму жаһандану үдерісінің қарқынды дамуымен сипатталады. Қазақстанның жаһандану үдерісіндегі басты мақсаты - ұлттық мүддені, егемендігімізді, территориялық тұтастығымыз бен мемлекеттік қауіпсіздігімізді сақтау.

МЕМЛЕКЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘСКЕРИ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Жаһандану жолында қауіпсіздікті сақтау бір ғана мемлекеттің күшімен жүзеге асырылуы мүмкін емес, сондықтан мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық мәселесінің маңызы зор. Интеграциялық үдерістің дамуы жаңа геосаяси шынайы жағдайларға жауап ретінде интеграциялық бірлестіктің рөлінің артуымен тығыз байланысты.

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің сенімді жүйесін құрудағы негізгі бағыт – көршілес жатқан алып мемлекеттер – Ресей және Қытаймен теңгерімді қарым-қатынас орнату және Орта Азия мемлекеттерімен интеграциялық үдерістің белсенділігін арттыру, индустриалды дамыған мемлекеттермен байланысты нығайту, халықаралық

ұйымдар арқылы бітімгершілікті жүзеге асыру.

Жаһандану үдерісіндегі белсенді құрылым – ұлттық, аумақтық әскери қауіпсіздікті сақтау саласындағы саясатты іс жүзіне асырушы еліміздің Қарулы Күштері. Қазіргі таңда мемлекетіміздің Қарулы Күштерінің құрылысы мен жаңартылуына, әскери кадрларды са-





палы дайындауға, кәсіби жауынгерлік даярлыққа, әскерді заман талабына сай қару-жарақпен жарақтандыруға, қорғаныс саласындағы халықаралық ынтымақтастық мәселелеріне басты назар аударылып отыр. Аталып отырған маңызды мәселелерді жүзеге асыруда алыс-жақын шет елдермен тәжірибе алмасудың орны айрықша. Ал мемлекеттер арасындағы әскери ынтымақтастықтың басты бағыттары Қазақстан Республикасының Әскери доктринасында айқындалған. Осыған байланысты бүгінде еліміз ТМД құрамындағы мемлекеттермен әскери-техникалық, әскери білім бағытында қарым-қатынас орнатумен қатар, НАТО-мен бірлесе отырып «Бейбітшілік үшін серіктестік» бағдарламасы шеңберінде, БҰҰ қатысуымен бейбітшілікті қолдау бойынша халықаралық операцияларға қатысып келеді.

Мемлекеттер арасындағы әскери қарым-қатынас орнатуды дамытудың Қазақстан үшін басты тұжырымы ол:

- әлемдік қауымдастық деңгейінде Қазақстанның саяси салмағының артуы;
- келісімдер шеңберінде Қазақстанның бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау мен нығайту бағытындағы шараларға қатыса отырып, жоғары тиімділікке қол жеткізуі;



- халықаралық терроризм, экстремизм, заңсыз қару-жарақ айналымы, қылмыстық топтарға қарсы күрес жүргізуде күш біріктіру мәселелері;

- бітімгершілік операциялар мен гуманитарлық акцияларды орындауда кәсіби шеберлігін көтеру;

- Қарулы Күштерін жаңашаландыру, әскерлердің оперативтік және жауынгерлік даярлығын жетілдіру;

- әскери-стратегиялық ғылыми талдау мен жоспарлау сапасын арттыру;

- әскери білім беру жүйесін ұйымдастыруды, әскери кадрлар дай-

ындауды жоғарылату, ұлттық әскери-ғылыми базаны дамыту;

- еліміздің Қарулы Күштерінің қаржы экономикалық қамтамасыз етілуі және материалдық тұрғыда жарақтандыру мүмкіндігін кеңейтумен айқындалады.

Биылғы жылы біз еліміздің ірі тарихи мерекесі – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығын атап өткелі отырмыз. Тарихи көзқараспен қарағанда, бұл – аз ғана уақыт, ал сатылап даму және қалыптасу жолымен қарағанда, мемлекеттің аяғынаннықтұруындағымаңыздыкезең.

Осы уақыт ішінде халқымыз күрделі қиындықтарды еңсеріп, жаңа мемлекет құруда өзекті бағдарламалар мен стратегиялық бағыттарды қабылдап, нақтылы даму жолына түсті. Әскери салада қауіпсіздікті арттыру, еліміздің тұтастығын сақтау, халықаралық деңгейде шекараны белгілеу, әлемдік сын-қатерлерге қарсы күрес жүргізу бағыттарында халықаралық деңгейде тығыз қарым-қатынас орнатты. Соның ішінде ғасырлар бойы халқымыз біте қайнасып, бірге дамыған көрші мемлекет – Ресеймен ынтымақтастықты атап өтудің артықшылығы жоқ.

Жалпы Қазақстанның егемендік алған жылдардан бастау алатын Ресей Федерациясымен қорғаныс және әскери құрылыс саласы бойынша ынтымақтастығы 1992 жылы 25 мамырдағы «Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімшарт», 1994 жылғы 28 наурыздағы «Әскери ынтымақтастық туралы келісімшарт», «Әскери-техникалық ынтымақтастық келісімі», 1992 жылғы 15 мамырдағы құрылған Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімшарт ұйымының келісімдерімен бүгінге дейін жүзеге асырылып келеді.

Қазақстанның қорғаныс қабілетін нығайту, әскери қауіпсіздік және бітімгершілік салаларындағы ынтымақтастығы барысында Қарулы Күштерін жаңа бағытта дамыту, реформаландыру, әскери оқу орындарында курсанттардың, әскери қызметшілердің білім алуы, Қарулы Күштерін әскери техникалар және қару-жарақтармен қамтамасыз ету, қорғаныс өндіріс орындарымен ынтымақтасу бағыттарында шаралар жүзеге асырылады. Қазіргі таңда Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасы арасындағы қатынас қай салада болмасын қарқынды, жоғары деңгейдегі жан-жақты байланыспен сипатталады. Себебі мемлекеттердің тарихта бастан кешірген оқиғалары, өткені ортақ, экономикалық, мәдениет, ғылыми және басқа дәстүрлері бойынша байланысы бір, геосаяси және стратегиялық мүдделері бір болуы әскери саладағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге де негіз болады. Әскери ынтымақтастықтағы біздің мемлекеттер арасындағы жағдайларға талдау жасасақ, қарым-қатынас жалпы әлемдік тенденция бағытында дамуда және ұлттық мүдделерге жауап береді.



Мемлекеттердегі жаңа трансұлттық қауіп-қатерлер мен қауіпсіздіктің келелі мәселелері бірдей. Қазақстан мен Ресей географиялық жағдайына, экономикалық, ғылыми, әскери әлеуеті, табиғи және адам ресурстары бойынша, геосаяси салада әлемдегі қуатты мемлекеттердің назарын аударып отыр. Сондықтан Орта Азия аумағындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесінде екі мемлекет те дамыған елдермен саяси, экономикалық, кедендік, әскери және гуманитарлық салада та-

бысты интеграциялық үдерісті дамытуда.

Жоғарыда айтылған белгілі ұйымдар мен келісімшарттар арқылы мемлекеттер арасында өндіріс, Қарулы Күштер үшін әскери техникалар мен қару-жарақтар алу, әскери мамандар даярлау бағыттарында маңызды шаралар атқарылуда. Ұжымдық қауіпсіздік келісімшарты ұйымы жетекшілігімен ұйымға мүше мемлекеттер арасында әскери салада тәжірибе алмасу бағытында әскери оқу орындарында курсанттар білім алуда. Радиоэлектро-



ника және байланыс әскери-инженерлік институтында және басқа да әскери оқу орындарында 2010 жылы Қырғыз, Тәжік Республикаларының курсанттары қабылданса, бұл мәселе 2015 жылдан жүйелі түрде жүргізіліп отыр. Ал 2017 жылы РЭЖБӘИ институтының 2-курс курсанты А.Байшан Америка Құрама Штаттарына оқуға жіберілсе, 2017 жылдан институт курсанттары бірінші курстан кейін Ресей, Беларусь мемлекеттерінде білімдерін жалғастыруда. Біздің ойымызша, бұл үрдістің әскери саладағы маңызы зор, сондықтан тәжірибе алмасу мен білім

сапасын жетілдіру бағытында тек ҰҚКШ ұйымы жетекшілігімен ғана емес, басқа да ұйымдар арқылы алыс шет елдермен әскери білім саласында қатынас орнатудың мәні айрықша. Халықаралық деңгейде жаһандық сипаттағы заманауи әскери техникаларды игеру, әскери медицина, әскери инженерлік салаларды тереңінен дамытуда әскери жоғары оқу орындары арасындағы білім беру бағытындағы қатынастардың рөлі зор екендігі белгілі және оны әрі қарай кеңінен дамыту қажет.

Қазақстан және басқа кез келген мемлекет әлемдік қауымдастықтың

геосаяси мүддесі саласында бүгінде жаһандануға қатысып отыр. Сондықтан қазіргі таңда түрлі қауіп-қатерлер де туындауда. Жаһанда болып отырған жағдайлар экономика, саясат, дипломатиялық қатынас пен әскери іске де ықпал етеді. Саяси және діни экстремизм, сепаратизм, терроризм өзекті мәселелер десек, өздігінен бір ғана мемлекет бұл мәселелерді шешуге қауқарсыз. Сондықтан мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты арттырудың артықшылығы өздігінен айқындалады. Жаһандық жағдайлардан көріп отырғанымыздай, әр мемлекеттің көзқарасы, пиғылы әрқилы. Дегенмен, кез келген мемлекет қауіпсіздік саласына келгенде өзінің Қарулы Күштеріне жүгінеді. Сол себепті бүгінгі уақытта Қарулы Күштер саласы бағытындағы ірі мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа басты назар аударылуда және ол жүйелі жалғасын табуы шарт. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, бірлігіміз баянды болуы үшін, еліміздің өркендеп дамуы бағытында аталған әскери қатынастарды арттыруымыз абзал.

**Генерал-майор
Асқар МҰСТАБЕКОВ,
Радиоэлектроника және байланыс
әскери-инженерлік институтының
бастығы**

НАЧАЛО БОЛЬШОГО ПУТИ

Одна фотография изменила жизни казаха и ненца

«Нашу встречу можно назвать более чем символической. Спустя столько лет после окончания войны мы, потомки фронтовиков, протянули друг другу руки дружбы. Я никогда в жизни не выезжал с Ямала и, если честно, не ожидал, что в Казахстане меня примут с такой теплотой. Во время возложения цветов у монумента павшим героям, когда прозвучал троекратный залп в воздух, я чуть не прослезился. Это высшие воинские почести, понимаете, в том числе и для моего деда, о судьбе которого я узнал совсем недавно», - рассказал житель поселка Сеяха Ямало-Ненецкого автономного округа РФ Анатолий Ябтик, приехавший в нашу страну, чтобы обнять Мухтара Кайшатаева, внука казахстанского солдата, с которым его дедушка тесно дружил на фронте и с которым погиб в одном бою в январе 1945 года



Наверное, эту историю можно назвать цепью случайностей, которая, тем не менее, привела к тому, что жизни Анатолия Ябтика и Мухтара Кайшатаева разделились на «до» и «после». Каждый из них стал называть друг друга братом — пусть не по крови, но по духу, и отныне объединяющие их узы стали сильнее, чем разделяющее их расстояние.

Все началось в марте 2020 года, когда в карагандинской газете «Индустриальная Караганда» была опубликована фотография корреспондента ТАСС Леонида Бернштейна. На ней были изображены два красноармейца, увлеченно читающие письмо. Это были боевые друзья - ненец Иван Яптик и казах Мухтар Кайшатаев. Наш земляк делился с товарищем новостями, пришедшими из родного дома. Так уж вышло, что оба бойца погибли в январе 1945 года в Польше. И вот спустя более трех четвертей века, благодаря журналистам из Караганды и Ямало-Ненецкого автономного округа РФ, а также представителям российского поискового отряда «Ямальский плацдарм» и казахстанского общественного объединения «Atamnyn Amanaty», удалось найти внуков солдат, запечатленных на фотографии.

Идею организовать их встречу подал руководитель поисковиков Андрей Гуничев, который прислал письмо в редакцию «ИК». Я сразу откликнулся на это предложение. Дело в том, что с внуком нашего погибшего соотечественника я отлично знаком. Это заместитель начальника департамента по делам обороны Карагандинской области подполковник Мухтар Кайшатаев, которого назвали в честь деда. Он также выразил свое согласие принять участие в этом символическом событии. Активное содействие оказали НАО «Казахстанский институт общественного развития «Рухани жаңғыру», а также общественное объединение «Atamnyn Amanaty».

Спустя некоторое время, после кропотливых поисков в архивах и путем опроса жителей Ямала удалось найти внучатого племянника Ивана Ябтика — Анатолия, который проживал в поселке Сеяха Ямало-Ненецкого автономного округа. Огромная помощь в этом оказал ямальский краевед Сергей Шулинин. По его словам, уникальность опубликованной фотографии заключалась в том, что это был «первый снимок ненца на фронте в годы Великой Отечественной войны, попавший на страницы «Хрони-



«ЭТО ВСТРЕЧА ДВУХ
ПОКОЛЕНИЙ. НАШИ
ДЕДЫ НАХОДИЛИСЬ
В ОДНИХ ОКОПАХ,
СРАЖАЛИСЬ ПЛЕЧОМ
ПЛЕЧУ НА СТРАШНОЙ
И КРОВАВОЙ ВОЙНЕ.
ОНИ ОТСТАИВАЛИ
ОБЩИЕ ЦЕННОСТИ»

ки ТАСС».

Планирование и организация поездки длилась несколько месяцев. И вот 1 апреля самолет с ямальской делегацией приземлился в Нур-Султане. В ее состав вошли Анатолий Ябтик, глава поискового отряда «Ямальский плацдарм» Андрей Гуничев, руководитель патриотических проектов департамента внешних связей ЯНАО Дмитрий Голиков, а также две съемочные группы российских телеканалов. Здесь внука ямальского солдата ознакомили с достопримечательностями столицы, и после краткого брифинга для прессы делегация отправилась на родину семьи Кайшатаевых — в город Семей.

56-летний Анатолий Николаевич Ябтик родился и всю жизнь прожил на Ямале. Срочную службу проходил на Урале — в ракетных войсках стратегического назначения. Он — потомственный промысловик, занимался охотой и рыбалкой. «Весной — гуси, зимой — песцы, лисы», - рассказывает он. Сейчас Анатолий находится на пенсии. Супруга является учительницей начальных классов, у него — трое дочерей и сын, две внучки и один внук.

- Когда прилетел в Нур-Султан, в аэропорту меня спросили о цели визита. Я рассказываю, что меня специально пригласили, что раньше никогда в Казахстане не был. А девушка, которая принимала документы, улыбнулась и сказала: «Вы, наверное, шутите. Вы же вылитый казах». А если серьезно говорить, то, конечно, для меня это событие являет-

ся очень радостным. Кроме того, мне сильно понравилось, что казахстанцы — люди добрые, отзывчивые, души у них открытые и красивые. Об этом я не раз слышал, многие мои земляки, немцы, при СССР служили в Казахстане — в Семипалатинске, на озере Балхаш, на Байконуре. Но сейчас в теплоте и гостеприимстве казахского народа я убедился лично, - говорит Анатолий.

В первую очередь почетному гостю показали символ города Семей — монумент «Сильнее смерти», который посвящен жертвам ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне. Это стела высотой 25 метров, на которой выбит силуэт атомного гриба, а под ним - беломраморная скульптура матери, укрывающей ребенка своим телом.

Затем последовала торжественная встреча в селе Прииртышском, перед войной Мухтар Кайшатаев был здесь председателем совхоза. Сельчане встретили ямальцев с кумысом и ба-

увековечиванию памяти павших героев Великой Отечественной. Также они вручили семье Кайшатаевых копии боевых орденов и медалей, которыми был награжден их дедушка.

На территории школы находится мемориал, на котором выбиты имена погибших сельчан. Среди них есть и фамилии двух братьев — Мухтара и Камзы Кайшатаевых. И если первый из них ушел на фронт уже в зрелом для мужчины возрасте, то второму едва исполнилось 20 лет. Его могила находится в Белоруссии.

Потомки солдат из Ямала и Казахстана возложили к мемориалу цветы, склонили головы во время минуты молчания. Застыл почетный караул, а затем прозвучали троекратные выстрелы в воздух в знак памяти и уважения ко всем, кто погиб в боях за Родину. На митинге выступили представители Регионального командования «Восток», а также управления по делам обороны



урсаками, прозвучали марши военных лет в исполнении оркестра Регионального командования «Восток» МО РК, а учащиеся и педагоги местной школы организовали творческое представление — гости впервые познакомились со звучанием домбры. В свою очередь, командир поискового отряда «Ямальский плацдарм» Андрей Гуничев и представитель департамента внешних связей ЯНАО Дмитрий Голиков рассказали о работе, которую они ведут по

г. Семей, которые оказали большую помощь в организации встречи.

- Очень отрадно, что я нахожусь здесь в данную минуту. Это встреча двух поколений. Наши деды находились в одних окопах, сражались плечом к плечу на страшной и кровавой войне. Они отстаивали общие ценности. Большое спасибо хочется сказать представителям российских поисковых отрядов, которые ищут и находят могилы безвестных солдат, прилагая огромные



усилия, чтобы установить их личности. Благодаря этой работе, которая является неоценимой, нынешнее поколение узнает о судьбе своих дедов и прадедов. Это большой вклад в дело военно-патриотического воспитания нашей молодежи, а также личного состава воинских частей, - указал заместитель командующего войсками РГК «Восток» полковник Арынғали Ақишев.

Важность данного события отметил глава городской администрации Семья Нурымбет Сактаганов, который подчеркнул, что встреча потомков фронтовиков в преддверии празднования очередной годовщины Победы в ВОВ только способствует укреплению казахстанско-российских отношений. Аким города напомнил, что Великая Отечественная коснулась почти каждой казахстанской семьи. Его дед также погиб на фронте, но семья узнала об этом только спустя 25 лет.

- Рад приветствовать вас на земле великих сыновей казахской степи — Абая и Шакарима и по нашему доброму обычаю говорю: «Қош келдіңіздер!» Хочу отметить, что поисковые отряды, которые работают на местах бывших сражений и по сей день находят важные исторические артефакты — это значительный вклад в сохранение нашей общей истории. Ваш визит мы рассматриваем как значимую миссию. Выполняя волю предков, мы совместно отдаем дань памяти, мужеству и крепкой солдатской дружбе. Это особенно важно в период глобализации — сохранить добрые человеческие отношения, верность дан-

ному слову, - сказал аким г. Семей.

На приеме в городском акимате подполковник Кайшатаев вручил представителю ямальской администрации копию Государственного Флага РК и выразил уверенность в том, что дружба братских народов всегда будет оставаться несокрушимой.

- Наша семья с детства хранила фотографию Ивана Ябтика и нашего дедушки, Мухтара Кайшатаева, как символ их мужества. Это напоминание об их подвиге, их героическом поступке. Они служили в одной роте, жили в одной землянке. Сегодня мы выполнили желание наших предков, исполнили их мечту. Сдержали обещание нашего деда, который приглашал на родину своего сослуживца и товарища. Я тоже пошел по его стопам и стал военным, - говорит внук фронтовика.

- Такие встречи очень хорошо отражают суть фразы классика: «Это нужно не мертвым, это нужно живым». Я рад, что поисковые работы не прекращаются, очень важно не терять надежды на то, что следы родственников будут найдены. Я приехал с Ямала, который называют краем света. И хочу, прежде всего, сказать спасибо за теплый прием, который мне здесь оказали.

Наверное, меня можно назвать счастливым человеком — у меня большая семья, но сейчас она стала еще больше. Здесь, в Казахстане, я обрел нового брата в лице Мухтара, с которым мы отныне будем поддерживать тесную связь и ездить друг к другу в гости, - растроганно произнес Анатолий Ябтик.

Возобновление этой дружбы, которая является исторической для семей Кайшатаевых и Ябтик, было бы невозможным без участия поисковых объединений из России и Казахстана. С нашей стороны таким связующим звеном стало ОО «Атамнұн Аманаты», которое было образовано в мае 2019 года с целью установления судеб казахстанских солдат, пропавших без вести во время Второй Мировой войны. Согласно официальным данным, их насчитывается более 271 000 человек, рассказывает заместитель председателя объединения Райгуль Мушанова.

- Это очень трогательный момент. Сегодняшняя встреча — это начало большого пути. Потому что сейчас потомки Мухтара Кайшатаева и Ивана Ябтика принимают на себя аманат, то есть наказ, который заключается в том, чтобы найти места захоронения своих дедов. Верю, что однажды все мы вернемся сюда и скажем, что закончили этот по-





иск, - говорит она.

Как отметила Райгуль Мушанова, объединение «Атамнун Аманату» представлено во всех социальных сетях, у него есть свой сайт, на котором любой желающий узнать о судьбе своих прадедов может оставить свою заявку.

- Необходимо подчеркнуть, что мы занимаемся и так называемым обратным поиском. Дело в том, что у нас есть большие списки казахстанцев, захороненных за границей — в Польше, Германии и так далее. И мы ищем их потомков. Для этого в январе нынешнего года под нашей эгидой была создана волонтерская сеть, ее члены занимаются поиском родственников погибших солдат — каждый в своем регионе. Мы надеемся, что такие встречи станут регулярными до тех пор, пока 271 тысяча наших земляков не вернется домой, - сказала она.

Примечательно, что руководитель поискового отряда «Ямальский плацдарм» Андрей Гуничев родился в Казахстане — в Талдыкоргане. Затем его родители переехали в Салехард — административный центр ЯНАО.

- Будучи еще школьником в СССР, мы ездили в Крым, совершали многодневные походы, в том числе и по местам боевой славы, посещали музеи, бывали на территории воинских захоронений, наводили порядок, делали здесь небольшой ремонт. Естественно, находили осколки боеприпасов, гильзы, которые потом привозили в школьный музей на Ямал. К слову, этот музей существует до сих пор, его возглавляет мой учитель — Бережной Владимир Павлович, - рассказывает она.

Возглавляемый Андреем поисковый отряд существует с 2013 года, все это время его бойцы работают в местах, где вели ожесточенные бои войска Волховского фронта, которые пытались деблокировать окруженный Ленинград. И по сей день земля здесь усеяна страшными свидетельствами гремевших сражений — погибли десятки тысяч советских воинов, многие из них так и числятся пропавшими без вести. На сегодняшний день участники «Ямальского плацдарма» подняли останки порядка 70 солдат и командиров Красной Армии. Личности удалось установить только у троих.

- В 2014 году мы нашли останки бой-



ца, при нем находилась ложка с инициалами — К.Г.Г. В течение двух-трех лет мы вели тщательную работу в архивах, перебирали сотни фамилий, чтобы установить, кто из солдат с такими инициалами воевал на Волховском фронте. Наконец, нам удалось выяснить, что это Коркин Григорий Григорьевич, 1898 года рождения, уроженец деревни Луговая Свердловской области, - вспоминает он.

Руководитель патриотических проектов департамента внешних связей ЯНАО Дмитрий Голиков сам непосредственно участвует в поисковом движении вот уже около семи лет. По его словам, в годы Великой Отечественной на территории Ямала проживало немногочисленное население — всего порядка 46 тысяч человек. На фронт ушел каждый пятый из них, каждый четвертый — не вернулся из боя.

- Ямал уделяет большое значение подобным проектам. У нас уже десять лет реализуется проект «Наша история — наша Победа». Мы привлекаем наших соотечественников, проживающих за рубежом, для проведения мемориальной работы. То есть мы выезжаем с ними на различные объекты, расположенные на территории РФ или даже зарубежья, приводим в порядок памятники, кладбища, рассказываем ребятам о Великой Отечественной войне и приобщаем их к делу сохранения нашей общей истории. В 2019 году к

нам приезжали представители из Казахстана, мы ездили в Республику Беларусь, посетили мемориал «Хатынь», местные музеи. Также проводим поисковые работы, так реализуется проект по увековечиванию памяти бойцов, погибших в Эстонии, с 2018 года работаем над ним. Выезжаем в регионы, где велись боевые действия, ищем останки павших воинов. В 2015 году нами была осуществлена «Карская экспедиция», в ходе которой исследовались неизвестные страницы войны. В акватории Карского моря тогда бесчинствовали фашистские подлодки, пиратствовал немецкий тяжелый крейсер «Адмирал Шеер». Именно с ним принял неравный бой и героически погиб ледокольный пароход «Александр Сибиряков», также в этих краях погиб конвой, перевозивший вооружение для нашей армии. Работы у нас много и она будет продолжаться, - отмечает Дмитрий.

Поисковики работают не ради денег и не ради славы. Наоборот, они тратят собственные средства и отпуска на то, чтобы явить миру доселе скрытые в земле свидетельства героизма советских воинов. Они живут по принципу Александра Васильевича Суворова: «Война не закончена, пока не похоронен последний солдат».

Фархат КИНЖИТАЕВ,
Фото предоставлено пресс-службой Семейского гарнизона

ВЫПОЛНИТЬ СЫНОВНИЙ ДОЛГ

Наступление каждого нового дня отдаляет от событий Великой Отечественной войны. Той войны, в которой миллионы людей, сплотившись в единый кулак, смогли дать отпор врагу. В историю навсегда вошли имена тех, кто самоотверженно защищал Родину. К сожалению, некоторые из них пропали без вести, и лишь спустя долгие годы их останки были переданы родным и близким. Благодаря работе поисковиков сотни героев войны смогли вернуться на Родину, обретая вечный покой в родной земле

Одним из самых известных поисковых отрядов в Казахстане является отряд, сформированный из павлодарских энтузиастов под названием «Майдан жолы». Отряд был создан в 2009 году и занимается поиском останков казахстанских солдат и установкой памятников на местах боев в годы Великой Отечественной войны.

Вот уже 12 лет насчитывает история отряда «Майдан жолы». Первая экспедиция состоялась еще в 2009 году, когда работники павлодарского Казахстанского электролизного завода совместно со столичным поисковым отрядом «Мемориальная зона» отправились в поисковую экспедицию к Синявинским высотам (Ленинградская область). За годы существования отряда были проведены поисковые работы на местах сражений в Московской, Волгоградской, Псковской и других областях России. Кроме того, отряд работал на территории Беларуси и Украины. Результатом поисковой работы стало поднятие останков более 240 казахстанских солдат. Командир отряда Александр Шитов признается, что главная задача участников отряда – это выполнить сыновний долг перед теми, кто защищал Отечество.

На сегодняшний день поисковый отряд «Майдан жолы» насчитывает около тридцати бойцов. Помимо непосредственно поисковой работы он также занимается архивной деятельностью, проводит воспитательную, патриотическую работу.

– Мы много работаем с детьми. Организуем уроки мужества, различные конкурсы и турниры. Что же касается нашей поисковой деятельности, то за последний год в условиях известной всем эпидемиологической ситуации мы все также активно работали. Многие люди хотят

узнать о судьбе своих пропавших родственников, присылая нам запросы. После чего мы ведем архивный поиск. Например, сегодня существует множество сайтов, где оцифровываются архивные материалы (ОБД «Мемориал»).

В этом году нам также удалось вернуть на Родину останки троих наших земляков. Так, в июле при поддержке Министерства обороны нам удалось придать

ленской области. Получив сведения об обнаружении казахстанского бойца, мы начали работу по поиску его родственников. Они быстро откликнулись. Церемония захоронения останков прошла при поддержке акимата в Атырауской области. Сегодня мы продолжаем вести работу по транспортировке и захоронению останков нашего соотечественника Ивана Романовича Чередника, найден-



земле останки Умирзака Казангапова, найденного в Смоленской области. Затем 6 октября нам удалось захоронить останки нашего земляка Маукена Ныгметова, найденного российскими поисковиками в Ленинградской области. В декабре благодаря посольству Казахстана в Москве нам удалось транспортировать и захоронить останки казахстанца Сапаргали Мукалова, который был найден в Смо-

ного молдавскими коллегами, – говорит командир отряда Александр Шитов.

История останков Ивана Чередника началась еще в феврале 2021 года. В ходе поисковых работ у села Войнеску (Республика Молдова) был обнаружен солдат РККА. При эксгумации останков была обнаружена медаль «За отвагу». По архивным документам удалось выяснить личность награжденного. Им оказался



наш земляк Иван Романович Чередник, уроженец СКО, Пашковского района, с. Троицкого. Иван Чередник прошел всю войну, сражался с противником на юго-западном фронте. Наш земляк героически погиб 27 августа 1944 года у села Коломна (Республика Молдова), сдерживая в течение суток наступление врага. За этот подвиг он был награжден Орденом Отечественной войны II степени.

- Новость об обнаружении казахстанского бойца на молдавской земле я получил от своих коллег-поисковиков третьего марта. Как раз в тот день у меня был день рождения, – говорит Александр Шитов. – Узнав такую хорошую новость, я написал официальное письмо в посольство Республики Казахстан в Молдове с просьбой оказать необходимую помощь в транспортировке останков бойца на Родину. В данный момент поисковая группа, работавшая на месте, готовит необходимые документы (акт подъема останков с фотофиксацией, документ о том, каким образом была установлена личность погибшего). Также нами было отправлено официальное письмо в акимат Северо-Казахстанской области с просьбой о содействии в организации церемонии захоронения. Кроме того, получив информацию о нашем земляке, мы тут же организовали поиск родственников солдата, разослав письма журналистам и разместив их в социальных сетях. Буквально через два дня на наш клич откликнулся внук Ивана Чередника, проживающий в данный момент в Петропавловске. Родные Ивана с радостью восприняли эту новость, удивившись тому, что есть энтузиасты, ведущие поисковую работу. Они уже определили место, где будут захоронены его останки. Его захоронят рядом с женой, – поясняет командир отряда «Майдан жолы».

Ежегодно поисковики со всего постсоветского пространства ведут работу по обнаружению и установлению личности солдат Красной Армии. Благодаря тесному сотрудничеству с коллегами из других стран членам поискового отряда «Майдан жолы» удается восстанавливать историческую память о войне, возвращая наших земляков на историческую Родину.

- Безусловно, подобное сотрудничество налаживалось в течение долгих лет. Наш отряд существует вот уже 12 лет, и





поэтому о нас многие слышаны. Последние три года нас приглашают на научную конференцию «Судьба солдата» в город Москву. Благодаря хорошей финансовой поддержке российское поисковое сообщество является на сегодняшний день центром всего поискового движения на территории стран СНГ. Проведение столь масштабных мероприятий способствует укреплению сотрудничества между поисковиками разных стран. Именно там мне и удалось познакомиться с молдавскими коллегами, которые и предоставили информацию о нашем соотечественнике Иване Череднике. Кроме того, нам удалось наладить связи с эстонскими коллегами. В будущем планируем там поработать.

В 2018 году в Павлодаре проводилась международная конференция. Конечно, она была не столь масштабной, как подобные форумы в Москве, однако ее посетило более ста человек из разных стран. Уверен, что данная конференция оказала свое влияние на формирование дружеских отношений среди поисковиков из многих стран, – отмечает Александр Шитов.

Поисковая работа зачастую проходит в непростых полевых условиях. В связи с этим, отмечает Александр Шитов, важно быть хорошо подготовленным как физически, так и психологически.

– Поисковая деятельность включает в себя и некоторые элементы туризма. Важно уметь приспосабливаться к непростым полевым условиям. В современных реалиях далеко не каждый молодой человек знает, как правильно вязать узлы, ставить палатку или разжигать костер. Поэтому, отправляясь в поход, важно передавать эти элементарные знания, – говорит командир.

Одно из важнейших направлений «Майдан жолы» – увековечивание памяти героев на полях сражений. Усилиями бойцов отряда при финансовой поддержке Евразийской группы в городе Волоколамске был установлен памятник Панфиловской дивизии. В Ленинградской области был установлен монумент в память о 314-й стрелковой дивизии; во время работы в Старой Руссе члены отряда установили бюст уроженцу Риддера, Герою Советского Союза Тулегену Токтарову. Евразийская группа оказыва-

ет поддержку бойцам отряда в реализации проекта «Батырлар жолымен – Дорогой славы», в ходе которого в год своего десятилетия членами отряда была увековечена память бойцов из Казахстана на Мамаевом кургане.

Миллионы людей и сегодня продолжают поиски своих славных предков, пропавших на войне. Именно благодаря работе поисковиков кто-то обретает потерянного близкого человека, восстанавливает историю и память о героях в своей семье. В начале мая бойцы отряда «Майдан жолы» отправляются в очередную экспедицию. На этот раз целью их пребывания станет город Лодейное Поле в Ленинградской области.

– В этом году исполняется 80 лет с момента формирования в Петропавловске 314-й стрелковой дивизии, брошенной в бои за Ленинград и удерживающий в течение года 120-тикилометровый рубеж от финских захватчиков. Благодаря Евразийской группе уже изготовлен памятник, который будет установлен на месте сражения. Кроме того, планируется вести полевой поиск, – говорит Александр Шитов.



ӘСКЕРИ-ТАРИХИ МУЗЕЙДІҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

Абдукамалова Эльмира СЕРІКБАЙҚЫЗЫ,
ҚР ҚК Ұлттық әскери-патриоттық орталығы
әскери-тарихи музейінің
ғылыми қызметкері

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери-тарихи музейі (әрі қарай – музей) – 2015 жылы іргетасы қаланған еліміздегі әскери жәдігерлер сақталған бірегей мәдени нысандардың бірі. Музейдің негізгі қызметі – ежелгі дәуірден бүгінге дейінгі Қазақстанның әскери тарихына қатысты құнды мұраларды сақтау, зерттеу, халық назарына ұсыну, келер ұрпаққа жеткізу.

Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңының (2015 жылғы 28 қазандағы №368-V) 25-бабында: «Музей заттары мен музей коллекцияларын сақтау, зерделеу және көпшілікке көрсету үшін құрылған, мәдени, білім беру, ғылыми-зерттеу функцияларын жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын кеңінен танытуды қамтамасыз етуге арналған мәдениет ұйымдары музейлер болып табылады» делінген [1]. Қазіргі таңда музей құнды тарихи-мәдени ескерткіштерді сақтап, халық назарына ұсынумен бірге, ғылыми-зерттеу жұмыстарын да жүзеге асырып отырған мекеме саналады.

Музей құрылымының жетекші бағыттарының бірі – ғылыми-зерттеу қызметі. Ғылыми-зерттеу қызметінің мақсаты – Қазақстанның ежелгі дәуірлерден бүгінгі кезге дейінгі әскери тарихының дамуын, әскери өнері мен техникасын, ҚР Қарулы Күштерінің қалыптасуы мен әскери құрылымын қамтитын тарихи және мәдени ескерткіштер бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми іссапарлар, археологиялық, этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру, ғылыми іс-шаралар (конференция, дөңгелек үстел,

т.б.) өткізу, музей ісі бойынша шетелдік және республикалық мекемелермен ғылыми-мәдени ынтымақтастық орнату, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша ғылыми, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-көпшілік әдебиеттерді жариялау.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Серікпаев өз мақаласында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери-тарихи музейі Қазақстанның әскери тарихына қатысты маңызды мәселелерге ғылыми негіздеме бере отырып, терең зерттеу жасай алатын және кеңінен түсіндіру жұмысын жүргізе алатын, сонымен бірге, барлық тарихи кезеңдердегі әскери тарихты қоғаммен байланыстыра қарастырып, зерттеп-зерделейтін заманауи ғылыми орталық болуы қажеттігін атап өтеді: «Военно-исторический музей, как научно-исследовательский центр, должен давать научное обоснование по вопросу геополитического статуса Казахстана и в этой связи проводить глубокую исследовательскую и широкую разъяснительную работу. Музей должен представлять собой современный научно-исследовательский центр, изучающий и освещающий как военную историю, так и взаимосвязи военных и общества на

протяжении всех исторических эпох» [2, 270].

Музейде ғылыми-зерттеу жұмыстары, негізінен, әскери ғылым салалары (әскери тарих, әскери өнер, әскери құқық, әскери медицина, әскери білім және тәрбие, әскери психология, әскери терминология, әскери техника және қару-жарақ, т.б.), археология, этнология, әлеуметтану, музейтану, сонымен бірге музейлік деректер мен қолжазбалар аясында жүргізіледі.

Ғылыми зерттеулер аясының кеңейіп, іргелі ғылыми зерттеулердің туындауына, сондай-ақ, білім және ғылым жолындағы өресі биік жастарға мағыналы тәрбие беруге, ғылымға бағыттауға ықпал ететін шаралардың бірі – ғылыми конференциялар.

Музейде 2016 жылы өткен «Ұлы дала: әскери тарих» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына, 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығына, Желтоқсан көтерілісінің 30 жылдығына арналды. Осы жылы Қазақстанның тәуелсіздігін, әскери тарихының маңызын және саналы ғұмырын ұлтын азат етуге арнап, ерлікпен қаза тапқан Зұқа Батыр Сәбитұлының қайраткерлігін халыққа




кеңінен насихаттау мақсатында «Тәуелсіздік арманы және Зұқа батыр» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды. Конференцияға қазақстандық белгілі ғалымдар, мемлекет қайраткерлері, жас ізденушілермен қатар әлемнің түрлі елдерінің (Түркия, Германия, Австралия және т.б.) өкілдері қатысып, өзекті мәселелер талқыланды.

2017 жылы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 25 жылдығына және Алаш Орданың 100 жылдығына орайластырылған «Ұлы дала: әскери мұра» атты, 2018 жылы Қожаберген батыр Жәнібекұлының туғанына 320 жыл толуына арналған «Ұлы дала батырлары» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар ұйымдастырылды.

2020 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция сырттай форматта өткізілсе, осы жылдың 4 желтоқсан күні ҚР ҚК Әскери-тарихи музейінің 5 жылдығына арналған «Қазақстанның әскери тарихының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция онлайн форматында өткізілді.

Соңғы жылдары ғылыми



конференцияларға қазақстандық қатысушылармен қатар, шет елдердің (Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің Орталық музейі, «Брест батыр-қамалы» мемориалдық кешені) мемлекеттік



мекемесі, Белоруссияның Ұлы Отан соғысы тарихының мемлекеттік музейі, Ресей Ғылым академиясы Сібір бөлімшесінің археология және этнография институты, Новосибирск мемлекеттік университеті, т.б.) жетекші ғылыми ұйымдары ғалымдарының, жоғары оқу орындары және музей қызметкерлері мен зерттеушілерінің қатысуы музейдің халықаралық деңгейде танылғандығын көрсетеді. Осы орайда музей қызметкерлерінің де халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларға белсене қатысатындығын атап өткен жөн.

Музейде өтіп жатқан ғылыми конференциялар нәтижесі төмендегідей бірқатар өзекті ғылыми проблемаларға назар аударып, жан-жақты, терең зерттеулер жүргізу қажеттігін көрсетіп отыр:

- қазақ халқының алдыңғы тарихи дәуірлермен және өркениеттермен әскери істерінің сабақтастығын айқындау, ғылыми тұрғыдан дәлелдеу;

- Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің, мемлекеттік құрылымдардың әскери өнерінің (Қарулы Күштерді ұйымдастыру стратегиясы, тактикасы және қару-жарақпен жабдықталуы) эволюциясы;

- Қазақ хандығының әскери тарихы мен әскери өнерінің тарихы;

- XIX ғ. бірінші жартыжылдығындағы ұлт-азаттық қозғалыстардың әскери өнері;

- XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан аумағындағы әскери құрылымды, ұлттық әскери кадрларды

даярлау, қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы мәселелері;

- XX ғасырдың 40-шы жылдарының аяғынан бастап XX ғасырдың 90-шы жылдарына дейінгі әскери құрылыс мәселелері;

- Қазақстандық сарбаздардың жергілікті соғыстарға және соғыстан кейінгі кезеңдегі қарулы қақтығыстарға қатысуы;

- Тәуелсіз Қазақстан армиясының құрылу сәтінен бастап бүгінгі күнге дейінгі әскери құрылысы;

- Қазақстан Республикасының әскери білімі мен әскери ғылымының қалыптасу тарихы, әскери ғылыми кадрларды даярлау тарихы, сондай-ақ жаңа буын соғыстарының сипатына байланысты Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қазіргі әскери өнерінің (жедел өнері мен тактикасының стратегиясы) мәселелері.

Музейде өткізілетін белгілі ғалымдардың дәрістері де жоғарыда аталған әскери тарих мәселелерімен бірге археология, антропология, этнография ғылым салаларының өзекті мәселелерін қамтиды. Мектептің жоғары сынып оқушылары, студенттер, магистранттар және басқа да тыңдармандардың қызығушылығын тудыратын мұндай дәрістердің музей қызметкерлерінің де ғылыми әлеуетін көтеруде маңызы зор. Атап айтсақ, белгілі антрополог-ғалым, т.ғ.д., ҰҒА академигі Оразақ Смағұлдың «Қазақ халқының 40 ғасырлық шығу тегі», т.ғ.д., профессор З.Самашевтің «Шығыс Қазақстан археологиялық экспедицияларының нәтижесі», т.ғ.д., профессор Қ.Сартқожаұлының «Түркілердің стратегиясы, тактикасы және қару-жарағы туралы», т.ғ.д. А.Кушқумбаевтың «Алтын Орданың әскери өнері» тақырыптарындағы дәрістері, сондай-ақ белгілі тарихшы, жазушы Қойшығара Салғараның дәрістері тыңдалды.

Музейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір бөлігі жазбаша дереккөздерді талдауға бағытталған. Олардың ішінде мұрағаттық құжаттар басым орын алады. Музей зерттеушілері 2016 жылдан бастап жылына республикалық және шетелдік мұрағаттарда іздестіру жұмыстарын жүргізіп келеді.

Музей қабырғасында жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижесінде баспа-



КӨПШІЛІКТІҢ
ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН
ТУДЫРЫП, АЗАМАТТАР
МЕН ЖАСТАРДЫҢ
ОТАНСҮЙГІШТІК СЕЗІМДЕРІ
МЕН ЭСТЕТИКАЛЫҚ
ТАЛҒАМДАРЫНЫҢ
ӨСУІНЕ ЕДӘУІР ӘСЕР
ЕТЕТІН ҒЫЛЫМИ-
МӘДЕНИ ШАРАЛАРДЫҢ
– КӨРМЕЛЕРДІҢ
ТАҒЫЛЫМДЫҚ-ТӘРБИЕЛІК
МӘНІ ЗОР.

дан бірқатар еңбектер жарияланды. Атап айтқанда, «Қазақстанның әскери ғалымдарының 100 есімі» кітабы. Кітап Қазақстан Республикасындағы әскери-ғылыми қызметті дамытуға арналған алғашқы басылым болып табылады. Онда белгілі әскери ғалымдар туралы өмірбаяндық мәліметтер және олардың Қазақстандағы әскери ой-толғамының дамуына қосқан үлесі көрсетілді; профессор М.Құсайыновтың «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстанның әскери тарихы» кітабы; Екінші дүниежүзілік соғыс (1939-1945) және Ұлы Отан соғысы (1941-1945) Жеңісінің 75 жылдығына арналған брошюралар сериясы: «Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945) Қазақстан аумағында құрылған әскери бөлімдер мен бөлімшелер»; «Қазақстанның ұлттық ұрандарының қалыптасуы»; «Батыс Қазақстан – Ұлы Отан соғысының алдыңғы шебі» және т.б. Сонымен бірге Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы, Әбу-Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен Алтын Орданың 750 жылдығына арналған ғылыми-әдістемелік құралдар дайындалды.

Музей залдарында орналасқан әскери тарих кезеңдері бойынша жасалған түрлі экспозициялар мен көрмелердің тұжырымдамасын әзірлеу ғылыми-шығармашылық жұмыстардың жүйелі түрде жолға қойылғандығын көрсетеді. Қазақстанның әскери тарихының даму кезеңдері бойынша экспозициялардың (көне заманнан Қазақ хандығына дейінгі кезеңдерді қамтитын экспозициялар, «Орбұлақ шайқасы», «Алаш армиясы», Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған экспозициялар кешені, ҚР Қарулы Күштерінің түрлері бойынша экспозициялар, «Қазақстандықтар – жауынгер-интер-

националистер және бітімгерлер», т.б.) әрқайсысын құру, ең алдымен, ғылыми тұрғыдан негіздеуді талап етеді.

Көпшіліктің қызығушылығын тудырып, азаматтар мен жастардың отансүйгіштік сезімдері мен эстетикалық талғамдарының өсуіне едәуір әсер ететін ғылыми-мәдени шаралардың – көрмелердің тағылымдық-тәрбиелік мәні зор. Республикалық, шетелдік ғылым, білім және мәдениет мекемелерімен орнатылған ғылыми ынтымақтастықтың нәтижесінде Музейде ұйымдастырылған әскери тақырыптағы көрмелердің бірқатарын атап өтсек: Стокгольм Армия музейінің (Швеция) «Өмір мен өлім арасындағы заттар» атты үлкен көрмесі, итальяндық суретші Миро Пирсоля көрмесі, «Ұлы даланың жеті қыры», «Соғыстағы әйелдер», «Ер есімі – ел есінде» көрмелері, атақты этнограф, қару-жарақ зерттеушісі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Ахметжан Қалиолла Саматұлының «Аңыз. Дастан. Тарих» көрмесі, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығына арналған «Қазақстан Ұлы Отан соғысы



жылдарында» жылжымалы көрмесі, Халықаралық армия ойындары ARMY-2019, ARMY-2020 аясындағы (Ресей, Алабино) музей көрмесі. Сондай-ақ, атаулы күндер мен мерекелерге орай ұйымдастырылған Кеңес Одағының батыры, жазушы, даңқты жауынгер, әскери қолбасшы Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына, қазақтан шыққан тұңғыш генерал-майор, көрнекті әскери қайраткер, химиялық қорғаныстың май-

талман маманы Ш.Жексенбаевтың 120 жылдығына арналған көрмелерді атап кеткен жөн.


Музейдің ғылыми-зерттеу жұмысын тиімді ұйымдастырудың тәсілі және музей қызметкерлерінің білімі мен құзыреттілігін арттырудың оңтайлы әдісі, сонымен қатар, музей қорын толықтырудың маңызды көзі – ғылыми-экспедициялық жұмыстар. Музейде жүргізіліп келе жатқан археологиялық, этнографиялық экспедициялар Қазақстан аумағында әскери өнердің дамуының тарихи кезеңдерін зерттеуге және мұражай қорын әскери тарихқа қатысты қару-жарақ және басқа да бұйымдармен толықтыруға бағытталған. Мәселен, 2016-2018 жылдары мұражай қызметкерлері Шығыс Қазақстан облысындағы археологиялық экспедицияларға белсенді түрде қатысып, Берел мұражай-қорығымен тығыз байланыс орнатылды.

2019 жылдың шілдесінде Қарағанды облысындағы 1756 жылғы Шүршіт қырған шайқасы өткен жерге әскери-патриоттық экспедиция ұйымдастырылды. Экспедицияға музей қызметкерлері, сондай-ақ, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Қожаберген батыр» қоғамдық қоры, «Qazaq Geography» РҚБ және БАҚ өкілдері қатысты.

Экспедиция мақсаты – қазақ тарихында қытай әскерлерін ойсырата жеңіп, ұлы жеңіске қол жеткізген Шүршіт қырған шайқасының өткен орнын тауып, маңызын саралау, қазақтың бай әскери-тарихи мұрасын, құнды жәдігерлерді сақтай отырып, батыр бабаларымыздың рухын дәріптеу, ерлігін үлгі ету.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмыстарының бір бағыты Ұлы Отан соғысында қаза тапқан және хабар-ошарсыз кеткен қазақстандықтарды іздеу, келіп түскен мәліметтер мен өтінімдерді жинақтау және жүйелеу бойынша жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстармен байланысты. Бұл бағытта іздестіру-экспедициялық, мұрағаттық, әскери-мемориалдық жұмыстар қарқынды жүргізіліп, соғыстарға қатысушы қазақстандықтардың деректер базасы жасалды.

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің ескерілмеген жерлеу орындарын анықтау мақсатында қазақстандық жауынгерлер шайқасқан



жерлерде іздестіру экспедицияларын өткізужөніндегі жұмысты «Мемориалдық аймақ» іздестіру жасағының командирі, Әскери-тарихи музейінің қызметкері, профессор Құсайынов Майдан Камекұлы басқарып келеді.

Қазіргі таңда Музейде 100 мыңнан астам қаза тапқан жерлері анықталмаған қазақстандық жауынгерлерді іздеу



жұмыстары жалғасуда. Облыстық тарихи-өлкетану мұражайларымен, мұрағаттармен, ғалым-зерттеушілермен, мұрағатшылармен, Қазақстан мен Ре-

сей Федерациясының іздеу отрядтарымен, қоғамдық бірлестіктермен және жергілікті әскери басқару органдарымен бірлескен жұмыстар жүргізілуде.





Ұлы дала әскері – Тәуелсіздік тірегі!



2021

АЙЫБЫН

Республиканский
военно-аналитический журнал